



**BAITEREK**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»  
акционерлік қоғамы**

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына  
сәйкес жеке қаржылық есептілік және Тәуелсіз  
аудиторлардың есебі**

**2018 жылғы 31 желтоқсан**

# МАЗМҰНЫ

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

### ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп .....	1
Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы жеке есеп.....	2
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп .....	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есеп .....	4

### Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Кіріспе .....	5
2	Жеке қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары .....	6
3	Есеп саясатының негізгі ережелері .....	9
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар .....	24
5	Қаржылық тәуекелдерді талдау.....	25
6	ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу .....	30
7	Ақша қаражаты және оның баламалары .....	31
8	Инвестициялық бағалы қағаздар .....	32
9	Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер.....	32
10	Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар .....	34
11	Шығарылған борыштық бағалы қағаздар .....	35
12	Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар .....	36
13	Акционерлік капитал.....	37
14	Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер.....	37
15	Пайыздық шығыстар .....	38
16	Алынған дивидендтер .....	38
17	Өзге операциялық кірістер .....	38
18	Қаржы активтері бойынша құнсыздандуды қалпына келтіру.....	38
19	Әкімшілік шығыстар .....	39
20	Табыс салығы.....	39
21	Қаржылық тәуекелдерді басқару .....	40
22	Шартты міндеттемелер .....	44
23	Байланысты тараптармен операциялар .....	45
24	Әділ құн .....	46
25	Есепті күннен кейінгі оқиғалар .....	47



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестік  
Қазақстан, 050051, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, 050051, Алматы,  
пр. Достык, 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

### «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Акционеріне және Директорлар кеңесіне

#### Пікір

Біз 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы жеке есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (әрі қарай - «Холдингтік Компания») жеке қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚЕХС») сәйкес барлық елеулі қатынастарда Холдингтік Компанияның 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жеке қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша жеке қаржылық нәтижелерін және жеке ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

#### Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Холдингтік Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.



### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

### Мемлекеттік субсидиялар

Жеке қаржылық есептілігінің 3 («Мемлекеттік субсидиялар»), 9, 11, 12 және 17 Ескертпелеріне қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>2018-ші жылы Холдингтік Компания жалпы номиналдық құны 70,148,922 мың теңге тұратын жылдық мөлшерлемесі 0.15%-бен қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларын шығарды және Үкіметтен 47,537,182 мың теңге сомасына жылдық сыйақы мөлшерлемесі 0.05%-дан бастап 0.10%-ға дейін несиені алды. Алынған қаражатты қолдана отырып Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға жалпы номиналдық құны 117,686,104 мың теңгеге жылдық сыйақы мөлшерлемесі 0.08%-дан 0.20%-ға дейін құрайтын несиені берді. Бастапқы таныған кезде шығарылған осы борыштық бағалы қағаздары, алынған несиені және берілген кредиттер әділ құны бойынша танылды, ол шарт бойынша болашақ ақша ағымдарын дисконттау үшін тиісті нарық мөлшерлемелерін қолдану арқылы бағаланады.</p> <p>Шығарылған борыштық бағалы қағаздарының және алынған несиенің әділ құны мен номиналды құны арасындағы 57,462,015 мың</p>	<p>Біздің аудиторлық рәсімдеріміз операцияның мәні негізінде шығарылған борыштық бағалы қағаздардың және алынған несиенің алынған өтелу мен әділ құны арасындағы айырманың мемлекеттік субсидия болып табылатынын бағалауды қамтыды.</p> <p>Біз шығарылған борыштық бағалы қағаздардың, алынған несиенің және еншілес кәсіпорындарға нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемені берілген кредиттердің әділ құнын есептеу үшін басшылық нарықтық мөлшерлемені анықтаған кезде пайдаланған жорамалдардың негізделгендігіне бағалау жүргіздік және оларды нарықтағы қолжетімді ақпаратпен салыстырдық.</p> <p>Сонымен қатар біз жеке қаржылық есептілігінде мемлекеттік субсидия туралы ақпараттың лайықты түрде ашып көрсетілгеніне бағалау жүргіздік.</p>



<p>теңге мөлшеріндегі айырма пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы жеке есебінде өзге операциялық кіріс құрамында мемлекеттік субсидия ретінде көрсетілді. Берілген кредиттердің әділ құны мен номиналдық құны арасындағы 56,738,188 мың теңге мөлшеріндегі айырма пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы жеке есебінде өзге операциялық кіріс құрамында еншілес кәсіпорындарға нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша берілген кредиттерді бастапқы таныған кездегі залал ретінде көрсетілді.</p> <p>Біз шығарылған борыштық бағалы қағаздардың, алынған несиенің және еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің әділ құнының бағалануына ерекше назар аудардық, өйткені осы бағалау елеулі пайымдауды қолдануды, сондай-ақ шығарылған борыштық бағалы қағаздардың және алынған несиенің номиналдық құны мен әділ құны арасындағы айырманы есепке алуды талап етеді.</p>	
<b>Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер бойынша күтілетін кредит залалдары</b>	
Жеке қаржылық есептілігіндегі 3 («Құнсыздану»), 5 және 9 Ескертпелеріне қараңыз.	
<b>Аудиттің негізгі мәселесі</b>	<b>Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер</b>
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер үлесі 33%-ды құрайды. Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер күтілетін кредит залалдары («ККЗ») бойынша	Біз Холдингтік Компанияның ККЗ бағалау үшін пайдаланатын әдістеменің және саясаттардың түйінді аспектілерін қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі мамандарын тарта отырып 9 ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес келуі мәнiне талдау жүргіздік.



<p>бағалау резервін шегере отырып есепке алынады және оны бағалау тұрақты түрде жүргізіледі және ол қолданылатын болжамдарға сезімтал.</p> <p>2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Холдингтік Компания ККЗ бағалаудың жаңа моделін қолданды, ол келесі түйінді салаларда кәсіби пайымдауларды және жорамалдарды қолдануды талап етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерге қатысты кредиттік тәуекелдің және дефолт жағдайларының елеулі ұлғаюын уақытында анықтау (9 ҚЕХС (IFRS) сәйкес 1, 2 және 3 кезеңдерін анықтау);</li><li>- дефолт ықтималдығын (PD көрсеткіші) және дефолт болған жағдайда залал шамасын (LGD көрсеткіші) бағалау.</li></ul> <p>Еншілес кәсіпорындарға берілген кредит мөлшерінің елеулі болуына, күтілетін кредит залалының жаңа моделін пайдалануға және соған байланысты бағалаудың анықталмағандығына байланысты, бұл мәселе аудиттегі түйінді мәселе ретінде қарастырылады.</p>	<p>ККЗ бойынша резервті бағалауда Холдингтік Компания қолданатын кәсіби пайымдаулар мен болжамдардың барабарлығын талдау үшін біз келесі рәсімдер жүргіздік:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- біз Холдингтік Компанияның қаржылық және қаржылық емес ақпаратты талдау арқылы кезеңдерді дұрыс анықтауын, сондай-ақ Холдингтік Компания пайдаланған болжамдар мен кәсіби пайымдауларды тесттен өткіздік;</li><li>- біз еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер бойынша ККЗ бағалау мақсатында қолданылған модель үшін қолжетімді қаржылық және қаржылық емес ақпаратпен кіріспе деректеріне тексеру жүргіздік.</li></ul> <p>Сондай-ақ біз жеке қаржылық есептілігінде Холдингтік Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпараттың лайықты түрде ашып көрсетілгеніне бағалау жүргіздік.</p>
--	--



### **Жеке қаржылық есептілік үшін басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі**

Басшылық ҚЕХС-ға сәйкес жеке қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Холдингтік Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Холдингтік Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Холдингтік Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

### **Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзіміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзіміз мақсатымен, бірақ Холдингтік Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Холдингтік Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде жеке қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Холдингтік Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру



қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;

— жеке қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де жеке қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым-қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.


Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

  
Ирматов Р.И.  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудиторы  
2012 жылдың 6 қаңтарында берілген  
№ МФ-0000053 аудитордың біліктілік куәлігі

**«КПМГ Аудит» ЖШС**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021

  
Дементьев С.А.  
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде  
өрекет ететін Бас директоры

2019 жылдың 15 сәуірі




**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Қаржылық жағдай туралы жеке есеп**


<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.*
<b>АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	7	2,596,755	225,777
Депозиттер		-	18,542,858
Инвестициялық бағалы қағаздар	8	86,938,945	31,226
Еншілес кәсіпорындарға берілген қарыздар	9	482,718,492	399,200,826
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	10	891,478,834	873,882,161
Негізгі құралдар		89,110	49,672
Материалдық емес активтер		292,991	765,536
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,682,421	1,226,993
Басқа активтер		293,441	635,622
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>1,466,090,989</b>	<b>1,294,560,671</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11	435,423,764	299,070,782
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	12	123,866,691	93,730,536
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	1,121,863	1,144,040
Басқа міндеттемелер		1,152,008	1,085,679
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>561,564,326</b>	<b>395,031,037</b>
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>			
Акционерлік капитал	13	846,218,712	846,218,712
Бөлінбеген пайда		58,307,951	53,310,922
<b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>904,526,663</b>	<b>899,529,634</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>1,466,090,989</b>	<b>1,294,560,671</b>

\* Холдингітік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2 ескертпені қараңыз). ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану нәтижесінде Холдингітік Компания белгілі баптарды ұсыну тәртібін өзгертті, салыстырмалы деректердің ұсынылуы да тиісті түрде өзгертілген (2 ескертпені қараңыз).

2019 жылғы 15 сәуірде шығарылуға бекітілген және Басшылықтың атынан қол қойылған:

  
 Хамитов Ерсайн Ербулатович  
 Басқарушы директор -  
 Басқарма мүшесі



  
 Есенғараева Куралай Дамировна  
 Бас бухгалтер

**«Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы жеке есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.*</b>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген пайыздық кіріс	14	32,381,151	27,124,324
Өзге пайыздық кіріс		21	-
Пайыздық шығыстар	15	(30,112,475)	(24,850,810)
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>2,268,697</b>	<b>2,273,514</b>
Алынған дивидендтер	16	13,990,059	14,768,097
Өзге операциялық кірістер	17	743,009	2,160,539
Қаржы активтерінің құнсыздануынан залалдарды қалпына келтіру, нетто	18	153,904	-
Материалдық емес активтердің құнсыздануынан залал		(605,137)	-
Қаржы кепілдіктері бойынша құнсызданудан залалдар	22	(392,750)	-
Еншілес кәсіпорындарға салынатын инвестициялардағы үлестерді сатудан залал	10	(403,327)	-
Әкімшілік шығыстар	19	(5,031,791)	(4,016,556)
<b>Табыс салығына дейінгі пайда</b>		<b>10,722,664</b>	<b>15,185,594</b>
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	20	22,177	(362,318)
<b>ПАЙДА ЖӘНЕ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>10,744,841</b>	<b>14,823,276</b>

\* Холдингік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2 ескертпені қараңыз).

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
<b>2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық</b>		<b>802,318,712</b>	<b>38,570,681</b>	<b>840,889,393</b>
Бір жылдағы пайда		-	14,823,276	14,823,276
<b>Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>-</b>	<b>14,823,276</b>	<b>14,823,276</b>
Акциялардың шығарылымы	13	43,900,000	-	43,900,000
Қаржы құралдары бойынша дисконт		-	(83,035)	(83,035)
<b>2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық *</b>		<b>846,218,712</b>	<b>53,310,922</b>	<b>899,529,634</b>
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысудан әсер	6	-	(5,747,812)	(5,747,812)
<b>2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық (қайта есептелген)</b>		<b>846,218,712</b>	<b>47,563,110</b>	<b>893,781,822</b>
Бір жылдағы пайда		-	10,744,841	10,744,841
<b>Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны</b>		<b>-</b>	<b>10,744,841</b>	<b>10,744,841</b>
<b>2018 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>		<b>846,218,712</b>	<b>58,307,951</b>	<b>904,526,663</b>

\* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2 ескертпені қараңыз).

**«Бейтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Ескертпе</b>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.*</b>
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Алынған сыйақы		3,558,878	3,446,793
Төленген сыйақы		(1,106,737)	(1,002,515)
Алынған дивидендтер	16	13,990,059	14,768,097
Қызметкерлерді ұстауға төленген шығыстар		(1,905,342)	(1,654,039)
Төленген әкімшілік және өзге де операциялық шығыстар		(3,086,959)	(2,600,512)
Төленген табыс салығы		(455,428)	(518,485)
<b>Операциялық қызметтен алынған ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>10,994,471</b>	<b>12,439,339</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Негізгі қаражатты сатып алу		(58,836)	(13,072)
Еншілес кәсіпорындардың капиталына салым	10	(20,000,000)	(54,100,000)
Еншілес кәсіпорындарға салынатын инвестициялардағы үлестерді сатудан түсімдер	10	2,000,000	-
Материалдық емес активтерді сатып алу		(105,499)	(3,484)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық қағаздарды сатып алу		(86,509,159)	-
Депозиттерді орналастыру		-	(24,300,000)
Депозиттерді өтеу		18,350,000	22,030,000
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	9	(117,686,104)	(147,200,000)
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді өтеу	9	1,621,372	-
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>(202,388,226)</b>	<b>(203,586,556)</b>
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түскен түсімдер	11	147,848,922	21,100,000
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар алу	12	47,537,182	126,100,000
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздарды өтеу	9	(1,621,372)	-
Жай акцияларды шығару	13	-	43,900,000
<b>Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражатының таза ағыны</b>		<b>193,764,732</b>	<b>191,100,000</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)</b>			
Жылдың басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары		225,777	272,994
<b>Жылдың аяғындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>7</b>	<b>2,596,755</b>	<b>225,777</b>

\* Холдингтік Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 қолдануды бастады. Ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес салыстырмалы ақпарат қайта есептелмейді (2 ескертпені қараңыз).

## **1 Кіріспе**

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы («Холдингтік Компания») Қазақстан Республикасы Президентінің «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылды. 2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияны түпкілікті басқарушы тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Холдингтік Компания он бір еншілес ұйымның (2017 жылғы 31 желтоқсан: он бір) тікелей акционері болып табылады.

2013 жылғы 29 мамырда Холдингтік Компания және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы («Самұрық-Қазына» ҰӘҚ) «Қазақстанның даму банкі» («ҚДБ» АҚ), «Қазақстанның инвестициялық қоры» («ҚИҚ» АҚ), «KazakhExport» экспорттық сақтандыру корпорациясы» («ҚЭГ» АҚ) «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» («Даму» ҚДҚ» АҚ) және «Қазына Капитал Менеджмент» («ҚКМ» АҚ) акционерлік қоғамдары акцияларының пакеттерін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шартқа қол қойды, оған сәйкес Холдингтік Компания сенімгерлік басқарушы рөлін атқарды. 2013 жылғы тамыз және қазан ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ басқа акционерлік қоғамдар акцияларының пакеттері мен мүлікке айырбастай отырып, жоғарыда көрсетілген кәсіпорындар акцияларының пакеттерін Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне берді.

2013 жылғы 17 маусымда Холдингтік Компания мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті («Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті») «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» («ТДҰА» АҚ), «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» («ҚТҚЖБ» АҚ), «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» («ҚИК» АҚ), «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» («ТҚКҚ» АҚ) және «Бәйтерек Девелопмент» («БД» АҚ) акционерлік қоғамдары акцияларының мемлекеттік пакеттерін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шартқа қол қойды, оған сәйкес Холдингтік Компания сенімгерлік басқарушы рөлін атқарды.

2013 жылғы тамыз және қазан ішінде Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 632,615,460 мың теңге жалпы сомасына Холдингтік Компанияның қарапайым акцияларына айырбастай отырып, жоғарыда көрсетілген он кәсіпорын акцияларының пакеттерімен Холдингтік Компанияның акционерлік капиталына жарна салды және 30,486,550 мың теңге сомасында ақшалай жарна салды, оны бұдан әрі Холдингтік Компания «ҚДБ» АҚ мен «ҚКМ» АҚ-ның акционерлік капиталына енгізді.

2014 жылғы 19 наурызда Холдингтік Компания «Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» АҚ-мен бірлесе отырып, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС-ын («КРПФ» ЖШС) құрды. Холдингтік Компания «КРПФ» ЖШС-ның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 75 %-ын құрайтын 150,000 мың теңге мөлшерінде ақшалай жарна енгізді.

Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 964 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар комитеті акционерлік капиталға салым ретінде Холдингтік Компанияға «ҚИК» АҚ акцияларының 26.00%-ын берді. Берілген акцияларының жалпы саны номиналды құны бір акциясына 1,000 теңгені құрайтын 10,216,701 акция және номиналды құны бір акциясына 608 теңгені құрайтын 1 акция бола отырып, мәміленің сомасы 10,216,702 мың теңгені құрады.

2018 жылы шығарылған борыштық бағалы қағаздар Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») орналастырылған.

### **Негізгі қызмет**

Холдингтік Компанияның миссиясы мемлекеттік саясатты іске асыру және «2050 Стратегиясында» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Холдингтік Компания Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті («ШОБ») қолдау бағдарламасын, «Тиімділік 2020» мемлекеттік бағдарламасын, Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын, Отандық өндірушілерді қолдау мемлекеттік бағдарламасын, Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қаржыландыру мемлекеттік бағдарламасын, «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Президентінің «100 нақты қадам» Ұлт жоспары» бағдарламасын іске асыру жолымен даму институттары арқылы мемлекеттің стратегиялық және елеуметтік міндеттерін шешуге бөлсенді түрде қатысады.

Холдингтік Компания өз қызметінде индустриялық-инновациялық даму, ұлттық өнімнің экспортын алға жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру және халық әл-ауқатының деңгейін арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі алға қойған міндеттерді басшылыққа алады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы  
Жеке қаржылық есептілігіне ескертпелер - 2018 жылғы 31 желтоқсан**

**1 Кіріспе, жалғасы**

**Негізгі қызмет, жалғасы**

Төменде Холдингтік Компанияның негізгі еншілес кәсіпорындары ұсынылған:

Еншілес компанияның атауы	Аббревиатурасы	Тіркелген елі	Қатысу үлесі, %	
			31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	«ҚДБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ	«ҚИҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«KazakhExport» экспорттық сақтандыру корпорациясы» АҚ	«ҚЭГ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	«Даму» ҚДҚ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ	«ТДҰА» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	«ҚКМ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	«ҚТҚЖБ» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ	«ҚИК» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан бұрын, «Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ	«ТҚКҚ» АҚ (бұдан бұрын, «ҚИНКҚ» АҚ)	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Бәйтерек Девелопмент» АҚ	«БД» АҚ	Қазақстан Республикасы	100.00	100.00
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	«ҚРPF» ЖШС	Қазақстан Республикасы	97.70	97.70

**Холдингтік Компанияның тіркелген мекенжайы және қызметін жүргізу орны.** Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а Холдингтік Компанияның заңды мекенжайы мен қызметін іс жүзінде жүзеге асыру орны болып табылады.

**Есептілікті ұсыну валютасы.** Осы жеке қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – теңге) ұсынылған.

**Холдингтік Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта**

Холдингтік Компания өз қызметін, негізінен, Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Холдингтік Компания Қазақстанның нарықтарындағы дамушы нарықтарға тән өзіндік ерекшеліктерді көрсететін экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасын жетілдіру жалғасын тауып жатыр, бірақ оларда әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол беріледі және оларға құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен жиынтығында өз қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызатын өзгерістер жиі енгізіледі. Қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік Холдингтік Компания басшылығының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолда бар шарттарының Холдингтік Компания қызметінің нәтижелері мен жеке қаржылық жағдайына ықтимал әсер етуіне жасаған бағалауын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

**2 Жеке қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары**

**ХҚЕС сәйкестігі туралы мәлімдеме.** Қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - "ХҚЕС") сәйкес дайындалды.

Бұл жасалған кезде ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары" және ХҚЕС (IFRS) 15 "Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім" қолданылған Холдингтік Компанияның жеке қаржылық есептілігінің бірінші жиынтығы. Есеп саясатының негізгі ережелерінің өзгерістері 2-ескертпеде сипатталған.

Бұдан басқа, Холдингтік Компания Холдингтік Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының ХҚЕС-ке сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындады. Холдингтік Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының шоғырландырылған қаржылық есептілігі Холдингтік Компанияның бас офисінде, мына мекенжай бойынша алына алады: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы 55а.

## **2 Жеке қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары, жалғасы**

**Құнды анықтауға арналған база.** Осы жеке қаржылық есептілік өзгерістері әділ құн бойынша көрсетілетін кезең үшін пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде дайындалды (2017 ж.: сату үшін қолда бар активтер).

**Қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал.** Холдингтік Компанияның басшылығы осы жеке қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігіне жол беру негізінде дайындады.

**Қолданыстағы валюта және жеке қаржылық есептілікті ұсыну валютасы.** Холдингтік Компанияның қолданыстағы валютасы қазақстандық теңге (« теңге») болып табылады, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы болғандықтан, Холдингтік Компания жүргізетін көпшілік операциялардың және оның қызметіне әсер ететін, осымен байланысты оқиғалардың экономикалық мәнін ең жақсы жолмен көрсетеді.

Теңге сондай-ақ осы жеке қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгесі көрсетілмесе, жақын мыңға дейін дөңгелектенеді.

### **Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту.**

Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 15 қолдануды 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бірқатар жаңа стандарттар күшіне енеді, бірақ олар Холдингтік Компанияның жеке қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді.

Осы жеке қаржылық есептілікті ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысудың таңдалған әдістеріне сәйкес жасаған кезде салыстырмалы ақпарат жалпы жағдайда қайта есептелмеген.

Көрсетілген стандарттардың бірінші қолдануының әсері, негізінен, төмендегілерге негізделеді:

- қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар сомасының ұлғаюы (6-ескертпені қараңыз);
- ХҚЕС (IFRS) 7 талаптарына сәйкес ақпаратты қосымша ашу (5 және 6-ескертпелерді қараңыз).

ХҚЕС (IFRS) 15 қолданылуы сатып алушылармен шарттар бойынша комиссиялық кірісті тану мерзіміне немесе сомасына және Холдингтік Компания деп танылған тиісті активтер мен міндеттемелердің шамасына ықпал еткен жоқ.

### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»**

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық активтерді, қаржылық міндеттемелерді және қаржылық емес активтерді сатып алуға немесе сатуға арналған кейбір шарттарды тану мен бағалауға қатысты талаптарды белгілейді. Бұл стандарт ХҚЕС (IAS) 39 "Қаржы құралдары: тану және бағалау" алмастырады. ХҚЕС (IFRS) 9 талаптары ХҚЕС (IAS) 39 талаптарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Жаңа стандарт қаржылық активтерді есепке алуға және қаржылық міндеттемелерді есепке алудың кейбір аспектілеріне іргелі өзгерістер енгізеді.

ХҚЕС 9-ға (IFRS) ауысу нәтижесінде Холдингтік Компания сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» түзетулер енгізді, оларға сәйкес пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген жеке пайыздық кірістерді ұсыну талап етіледі. Бұрын Холдингтік Компания жеке қаржылық есептілікке ескертпелерде көрсетілген кірістердің сомасын ашты.

Бұдан басқа, Холдингтік Компания 2018 жылғы ақпаратты ашуға қатысты ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: ақпаратты ашу» тиісті түзетулерді қолданды, көрсетілген түзетулер салыстырмалы ақпаратқа қатысты қолданылған жоқ.

Бұдан әрі ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылуымен шартталған Холдингтік Компанияның есеп саясатының шешуші өзгерістері туралы жалпыланған ақпарат келтірілген.

### **Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді сыныптау**

9 ХҚЕС (IFRS) қаржылық активтерді бағалаудың үш негізгі санаттарын қарастырады: амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша. 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржылық активтердің сыныпталуы, негізінен, бизнес-модельдің негізінде айқындалады, оның аясында қаржылық активті, және шартпен қарастырылған осы актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындарын басқару жүзеге асырылады. Стандарт 39 ХҚЕС (IAS) бар қаржылық активтердің санаттарын қысқартады: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын, сату үшін қолда бар несиелер және дебиторлық берешек. 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес, 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына қатысты қаржылық актив болып табылатын негізгі шарт, шарттарға кіріктірілген туынды құралдар ешқашан негізгі шарттан ажыратылмайды. Оның орнына барлық гибриді құрал тұтастай оның сыныптамасына бағаланады. Холдингтік Компания қаржылық активтерді 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржылық активтерді қалайша сыныптағанына қатысты түсініктемелер 3 ескертпеде келтірілген.

## **2 Жеке қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары, жалғасы**

### **Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы**

#### **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары», жалғасы**

##### **Қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді сыныптау, жалғасы**

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты ХҚЕС (IAS) 39 қолданыстағы талаптарын елеулі дәрежеде сақтайды. Алайда, егер ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес Холдингтік Компания өз қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеген қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруі пайда немесе залал құрамында танылса, онда ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес осы қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруі жалпы жағдайда былайша ұсынылады:

- меншікті несиелік тәуекелдің өзгерістерімен шартталған қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгерістерінің бөлігі, басқа жиынтық табыстың құрамында ұсынылады; және
- әділ құнның өзгерісінің қалған бөлігі пайда немесе залалдың құрамында ұсынылады.

Холдингтік Компания қаржылық міндеттемелерді ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес қалайша сыныптайтындығына қатысты түсініктемелер, 3 ескертпесінде көрсетілген.

##### **Қаржылық активтердің құнсыздануы**

9 ХҚЕС (IFRS) 39 ХҚЕС (IAS) қолданылатын «келтірілген залалдар» үлгісін «күтілетін кредиттік залалдар» үлгісіне ауыстырады. Құнсыздануды бағалаудың жаңа үлгісі сонымен қатар қарыз беру жөніндегі кейбір міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына қатысты қолданылады, бірақ үлестік құралдарға салынатын инвестицияларға қатысты қолданылмайды.

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кредиттік залалдар ХҚЕС (IAS) 39 қарағанда ертерек танылады. Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарын құнсыздануды бағалауға қатысты қалайша қолданатындығы 3 ескертпеде түсіндіріледі.

##### **Жаңа стандартқа ауысу**

ХҚЕС (IFRS) 9 күшіне енуімен шартталған есептік саясаттағы өзгерістер ретроспективалық қолданылды, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда.

- Салыстырмалы кезеңдердегі деректер қайта есептелген жоқ. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің бұрынғы теңгерімдік құны мен олардың 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес теңгерімдік құнының арасындағы айырмашылықтар бөлінбеген пайда немесе меншікті капитал резервтерінің құрамында көрсетіледі. Тиісінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ұсынылған ақпарат ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарын көрсетпейді және демек, ол 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес ұсынылған ақпаратпен салыстырылмайды.
- Холдингтік Компания салыстырмалы кезеңдер үшін деректерді қайта есептемеуге мүмкіндік беретін босатуды пайдаланды, бірақ ХҚЕС (IFRS) 9 ХҚЕС (IAS) 1-ге енгізілген түзетулер пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы жеке есепте жекелеген бапта "тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістерді" ұсыну талабын енгізгенін ескере отырып, Холдингтік Компания салыстырмалы деректерді ұсынуды тиісті түрде өзгертті: пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын өндірістік емес борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер "пайыздық кірістер" бабының құрамынан қайта жіктелген және "өзге пайыздық кірістер" бабының құрамында ұсынылған, 2017 жылы ұсынылған "пайыздық кірістер" бабының атауы "тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістерге" өзгертілді.
- Келесі бағалаулар бастапқы қолдану күнінде қолданыста болған фактілер мен жағдайлардың негізінде жасалған:
  - Аясында қаржылық актив ұсталатын бизнес-модельді анықтау.
  - Кейбір қаржылық активтерді және қаржылық міндеттемелерді пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына Холдингтік Компанияның қалауынша сыныптау және бұрынғы сыныптаудың күшін жою.
  - Сатуға арналмаған үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа Холдингтік Компанияның қалауынша анықтау.
- Егер борышқорлық бағалы қағаздың кредиттік рейтингісі ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне төмен болса, онда Холдингтік Компания бастапқы тану сәтінен бастап актив бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі орын алған жоқ деп анықтайды.

ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылуымен шартталған өзгерістер және бұл өзгерістердің ықтимал салдары туралы толығырақ ақпарат 6 ескертпеде ұсынылған.



## **2 Жеке қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары, жалғасы**

*Есеп саясатын және деректерді ұсыну тәртібін өзгерту, жалғасы*

### **ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім»**

ХҚЕС (IFRS) 15 түсім қандай сомада және қашан танылуы тиіс екенін анықтау үшін негіз қалаушы қағидаттарды белгілейді. Ол ХҚЕС (IAS) 18 "Түсім", ХҚЕС (IAS) 11 "Құрылыс шарттары" және тиісті түсіндірмелерді алмастырады.

Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 15 қолдануды практикалық сипаттағы жеңілдетулерді қолданбай, 8 ХҚЕС (IAS) сәйкес ретроспективті түрде бастады 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастады. ХҚЕС (IFRS) 15 қолданылуы тану мерзіміне немесе клиенттермен жасалған шарттар бойынша Холдингтік Компанияның комиссиялық кірісінің сомасына әсер еткен жоқ.

## **3 Есеп саясатының негізгі ережелері**

2-ескертпеде сипатталған өзгерістерді қоспағанда, Холдингтік Компания осы жеке қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге есеп саясатының мынадай ережелерін дәйекті түрде қолданған.

### **Пайыздық кірістер мен шығыстар**

#### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат**

**Тиімді пайыздық мөлшерлеме.** Пайыздық кірістер мен шығыстар, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл қаржылық құралдың күтілетін әрекет ету мерзімі бойы есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді:

- қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнына дейін дәл дисконттайтын мөлшерлеме.

Кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржылық құралдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеген кезде, Холдингтік Компания, осы қаржылық құралдың барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалдарды ескермей, болашақ қаржы құралын бағалайды. Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер үшін, кредиттік тәуекел ескеріліп түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме, күтілетін кредиттік залалдарды қоса алғанда, күтілетін болашақ ақшалай қаражат ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәмілелер бойынша шығындар, қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

**Амортизациялық құны және жалпы меншікті құны.** Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизациялық құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома, минус борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдер, плюс немесе минус тиімді пайыздық мөлшерлеменің әдісін пайдалана отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кездегі көрсетілген бастапқы сома мен төленуге жататын сома арасындағы айырмашылықтың жинақталған амортизация шамасы және залалдарға бағалық резервті (немесе 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін құнсыздануға арналған резервті) ескеріп түзетілген қаржылық активтерге қатысты қолданылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын «қаржылық активтің жалпы теңгерімдік құны» - бұл залалдарға бағалық резервтің шамасына түзеткенге дейінгі қаржылық активтің амортизацияланған құны.

**Пайыздық кірісті және шығысты есептеу.** Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы теңгерімдік құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмағанда) немесе міндеттемелердің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражаты ағындарын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме, сондай-ақ тиісті түзету амортизациясының басталу күніне әділ құнды хеджирлеуге байланысты түзетулерді көрсету үшін қайта қаралады.

Алайда бастапқы танудан кейін кредиттік-құнсыздану болған қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс қаржылық активтің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржылық актив енді кредиттік-құнсыздану болып табылмаса, пайыздық табысты есептеу тағы да жалпы теңгерімдік құнның негізінде жүргізіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Пайыздық кірістер мен шығыстар, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат, жалғасы**

##### **Пайыздық кірісті және шығысты есептеу, жалғасы**

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған болған қаржылық активтер бойынша пайыздық табыс, кредиттік тәуекел ескеріліп түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнының шамасына қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық табысты есептеу, тіпті егер олар бойынша кредиттік тәуекел нәтижесінде азайса да, жалпы теңгерімдік құнның негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржылық активтер кредиттік-құнсыздану болып табылатындығы туралы ақпарат төменде «Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер» (iv) бөлімінде ұсынылған.

**Ақпаратты ұсыну.** Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте ұсынылған тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есептің «өзге пайыздық кірістер» бабы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте ұсынылған пайыздық шығыстар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстарды қамтиды.

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылған есеп саясаты**

**Пайыздық кірістер мен шығыстар.** Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттық тараптары төлеген және алған әрі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ өзге сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қосады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл әрбір кезеңде құралдың теңгерімдік құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңнің ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл болашақ ақшалай есеп айырысу төлемдерін немесе түсімдерді қаржы құралының күтілетін әрекет ету мерзіміне немесе тиісті жағдайларда, қаржы құралының таза теңгерімдік құнына дейінгі әлдеқайда қысқа мерзімге дисконттаудың нақты мөлшерлемесі (кредиттер бойынша болашақ залалдарды қоспағанда). Тиімді пайыздық мөлшерлеме, осы құрал үшін көрсетілген құбылмалы мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәнге қарамастан белгіленетін басқа да ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спредті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша ақша ағындарын пайызды өзгертудің келесі күніне дейін дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымының бүкіл күтілетін мерзімі ішінде амортизацияланады. Келтірінді құнды есептеу тараптар шарт бойынша төлеген немесе алған, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық сыйақылар мен сомаларды қамтиды.

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер**

##### **(i) Қаржылық құралдарды сыныптау.**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылған саясат**

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив не болмаса амортизацияланған құн бойынша, не болмаса басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша, не болмаса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп сыныпталады.

Қаржылық актив тек егер ол төменде көрсетілген шарттардың екеуіне де жауап берген жағдайда және Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмайтын жағдайда ғана амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модельдің аясында ұсталады, оның мақсаты шартпен қарастырылған ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылады, және
- қаржы активінің шарттық талаптарымен, негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген борыштың және пайыздардың негізгі сомасының төленуін ғана білдіретін ақшалай қаражаттың ағындарының белгіленген мерзімде туындауы қарастырылған.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(i) Қаржылық құралдарды сыныптау, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылған саясат, жалғасы**

Борыштық құрал тек егер ол төменде көрсетілген шарттардың екеуіне де жауап берген жағдайда және Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмайтын жағдайда ғана басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модельдің аясында ұсталады, оның мақсаты шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да активтерді ұстап қалу болып табылады, және
- қаржы активінің шарттық талаптарымен, негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген борыштық және пайыздардың негізгі сомасының төленуін ғана білдіретін ақшалай қаражаттың ағындарының белгіленген мерзімде туындауы қарастырылған.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтер бойынша, пайда мен залал басқа жиынтық табыстың құрамында танылады, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер сияқты пайданың немесе залалдың құрамында танылатын келесі баптарды қоспағанда:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелетін пайыздық табыстар;
- күтілетін кредиттік залалдар және құнсызданудан залалдар қалпына келтірілген сомалар; және
- валюталық бағамдардың өзгеруінен пайда немесе залал.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активті тануды тоқтатқан кезде, бұдан бұрын басқа жиынтық табыстың құрамында танылған, жинақталған пайда немесе залал меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталады.

Сауда-саттыққа арналмаған үлестік құралдарға инвестицияларды бастапқы таныған кезде, Холдингтік Компания өз қалауынша, кейіннен оның күшін жою құқығынсыз шешім қабылдай алады, басқа жиынтық табыстың құрамында олардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсына алады. Бұл таңдау әрбір инвестиция үшін жекелей жүзеге асырылады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда немесе залал ешқашан пайда немесе залалдың құрамына қайта сыныпталмайды және пайда немесе залал құрамында құнсыздану танылмайды. Дивидендтер пайда немесе залал құрамында танылады, олар инвестициялардың бастапқы құнының бөлігін қайтару болып табылатындығы айқын болған жағдайлардан басқа, және бұл жағдайда дивидендтер басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Инвестициялар шығыр қалған кезде басқа жиынтық табыстың құрамында танылған, жинақталған пайда мен залал бөлінбеген пайданың құрамына ауыстырылады.

Барлық басқа қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталады.

Одан бөлек, бастапқы тану кезінде Холдинг, кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз, басқа жиынтық табыс арқылы амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша бағалауға арналған критерийлерге жауап беретін қаржылық активті, егер бұл олай болмаған жағдайда орын алмайтын есептік сәйкессіздікті жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде өз қалауынша сыныптай алады.

**Бизнес-модельді бағалау.** Холдингтік Компания бизнес-модельдің мақсатының бағалауын жүргізеді, оның аясында қаржы құралдарының қоржынының деңгейінде актив ұсталады, себебі бұл бизнесті басқару және басшылыққа ақпарат беру тәсілін жақсы көрсетеді. Компания келесі ақпаратты талдайды:

- Қоржынды басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар аталған саясаттардың тәжірибеде іске асырылуы. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартпен қарастырылған пайыздық табысты алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі құрылымын ұстап тұруға, қаржылық активтердің өтеу мерзімдерінің бұл активтерді қаржыландыру үшін қолданылатын қаржылық міндеттемелердің өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағдарланған ба.
- Қоржынның нәтижелілігі қалайша бағаланады және бұл ақпарат Холдингтік Компания басшылығының қаперіне қалайша жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне ықпал ететін тәуекелдер және бұл тәуекелдерді басқару қалайша жүзеге асырылады.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(i) Қаржылық құралдарды сыныптау, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылған саясат, жалғасы**

##### **Бизнес-модельді бағалау, жалғасы**

- Қоржынды басқару үшін жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалайша жүзеге асырылады (мысалға, бұл сыйақы аталған активтердің әділ құнына немесе шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары активтері бойынша алынатын сыйақыға байланысты ма).
- Өткен кезеңдердегі сатылымдардың жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатылымдардың себептері, сондай-ақ сатылымның болашақ деңгейіне қатысты күтімдер. Алайда сатылым деңгейлері туралы ақпарат оқшауланбаған, ал Холдингпен мәлімделген қаржы активтерін басқарудың мақсатына қалайша қол жеткізілетіне және ақша ағындары қалайша іске асырылатындығына бірыңғай тұтастай талдау аясында.

Сауда үшін ұстап қалыныатын немесе оларды басқару жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құнның негізінде бағаланатын қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады, себебі олар шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу мақсатында да, шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындарын алу ретінде де, қаржылық активтерді сатуға арналған ретіндегі мақсатта да ұсталмайды.

**Шартпен қарастырылған ақша ағындары негізгі соманың және пайыздардың төлемі ғана болып табыла ма екендігін бағалау.** Бұл бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы таныған кездегі қаржылық активтің әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі уақыт кезеңі бойынша өтелмеген болып қалатын негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа негізгі тәуекелдер және шығындар үшін өтеу ретінде анықталады (мысалға, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығындар), сондай-ақ пайданың маржасын қамтиды.

Шартпен қарастырылған ақшалай қаражаттың ағындары негізгі соманың өтелмеген бөлігіне негізгі соманың және пайыздардың төлемдері ғана болып табылады ма екендігін бағалаған кезде («SPPI критерийі»), Холдингтік Компания қаржылық құралдың шарттық талаптарын талдайды. Бұл қаржылық актив бойынша шарттық талаптары шарт бойынша ақшалай қаражат ағындарының мерзімдерін немесе сомаларын қаржылық актив талданатын талапты қанағаттандырмайтындай өзгерте алатын қандай да шарттық талапты құрай ма екендігін бағалауды қамтиды. Бағалауды жүргізген кезде Холдингтік Компания мыналарды назарға алады:

- ақшалай ағындардың мерзімдерін немесе сомасын өзгертуі мүмкін шарттық оқиғалар;
- тетік әсеріне ие шарттар (леввередж);
- әрекет ету мерзімін мерзімінен бұрын өтеу және ұзарту туралы шарттар;
- Холдингтік Компанияның талаптарын келісілген активтерден ақшалай ағындармен шектейтін шарттар (мысалға, «регресс құқығынсыз» қаржылық активтер); және
- ақшаның уақытша құны үшін өтеудің өзгертілуіне алып келетін шарттар – мысалға, мерзімді негізде пайыздық мөлшерлемені қайта қарау.

**Қайта сыныптау.** Холдингтік Компания қаржылық активтерді басқару жөніндегі өзінің бизнес-моделін өзгергеннен кейінгі кезеңдегіні қоспағанда, бастапқы танығаннан кейін қаржылық активтің сыныпталуы өзгермейді.

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат**

Холдингтік Компания қаржы активтерін мынадай санаттардың біріне жіктейді:

- кредиттер және дебиторлық берешек;
- өтеу мерзіміне дейін ұсталатын;
- сату үшін қолда бар; және
- әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы және осы санат шегінде бағаланатын:
  - сауда үшін арналған; немесе
  - Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын.

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат**

##### **Қаржылық міндеттемелер**

Холдингтік Компания қаржылық кепілдік шарттарынан және қарыздар беру жөніндегі міндеттемелерден басқа, қаржылық міндеттемелерді амортизацияланған құны бойынша немесе пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктейді.

**Қайта жіктеу.** Қаржылық міндеттемелерді жіктеу оларды бастапқы танудан кейін өзгертуге жатпайды.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(ii) Тануды тоқтату**

**Қаржылық активтер.** Холдингтік Компания осы активтен ақша қаражатының ағындарына арналған шартта көзделген құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталған кезде немесе ол екінші тарапқа осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайдалар берілетін мәміле нәтижесінде осы активтен ақша қаражатының ағындарын алу құқығын берген кезде немесе онда Холдингтік Компания осы қаржы активіне меншік құқығымен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы бермейтін, сақтамайтын және осы қаржы активіне бақылауды сақтамайтын сәтте қаржы активін тануды тоқтатады.

Қаржы активін тануды тоқтату кезінде активтің баланстық құны (немесе тану тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен алынған өтем сомасы (i) (өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегере отырып алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (ii) өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе залал арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Холдингтік Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылған активтерді беретін мәмілелер жасасады, бірақ бұл ретте немесе берілген активтерге немесе олардың бір бөлігіне меншік құқығымен байланысты барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді есепке алуды тоқтату жүргізілмейді. Мұндай мәмілелердің мысалдары қарызға бағалы қағаздар мен «РЕПО» мәмілелерін беру болып табылады.

Холдингтік Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы өзінде сақтамайтын, бермейтін және берілген активке бақылауды сақтайтын мәмілелерде ол берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне Холдингтік Компанияның ұшырау дәрежесі ретінде айқындалатын, активке жалғасып отырған қатысуды сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады.

**Қаржылық міндеттемелер** Холдингтік Компания ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады.

##### **(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру**

###### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат**

**Қаржылық активтер.** Егер қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Холдингтік Компания, мұндай түрлендірілген актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшелене ме екендігін бағалайды. Егер ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшеленсе («шарттардың айтарлықтай түрленуі»), онда шартпен қарастырылған бастапқы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындарына құқықтар өткен деп саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылады және жаңа қаржылық актив есепте әділ құны бойынша танылады және мәміле бойынша тиісті шығыстар қосылады. Түрлендіру аясында туындаған комиссиялық сыйақының алынған сомалары есепте былайша танылады:

- жаңа активтің әділ құнын айқындау кезінде ескерілетін комиссиялық сыйақы сомасы, сондай-ақ мәміле бойынша тиісті шығындарды өтеуді білдіретін комиссиялық сыйақы сомасы осы активтің бастапқы бағасына енгізіледі; және
- комиссиялық сыйақының өзге сомалары пайданың немесе залалдың құрамында тануды тоқтатудан түскен пайданың немесе залалдың бөлігі ретінде танылады.

Қолданыстағы қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасының өзгерістері, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, шарттардың түрленуі болып саналмайды.

Холдингтік Компания шарттарды түрлендіру елеулі болып табыла ма, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары және түрлендірілген немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшелене ме екендігіне сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Холдингтік Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық факторларын талдай отырып, шарттардың түрленуінің елеулілігіне қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Егер ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшеленсе, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартпен қарастырылған бастапқы ақшалай қаражаттың ағындарына құқықтар өткен деп саналады. Бұл бағалауды жүргізген кезде Холдингтік Компания аналогия бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Холдингтік Компания келесі сапалық факторлардың негізінде, шарттарды түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасын өзгерту;
- қамсыздандыру түрін немесе міндеттеме сапасын арттыратын басқа құралдарды өзгерту.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат, жалғасы**

Егер модификация қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты болса, онда мұндай модификацияның мақсаты, әдетте, бастапқы шарттардан едәуір ерекшеленетін шарттарда жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес активтің құнын барынша мүмкін болатын сомада өтеу болып табылады. Егер Холдингтік Компания қаржылық активті қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаты ағындарының бір бөлігін кешіруге әкеп соқтыратындай етіп түрлендіруді жоспарласа, онда ол модификация жүргізгенге дейін осы активтің бір бөлігін есептен шығару керек емес пе (төменде есептен шығаруға қатысты саясатты қараңыз) талдау жасауға тиіс. Бұл тәсіл сандық бағалау нәтижесіне әсер етеді және мұндай жағдайларда тиісті қаржы активін тануды тоқтату үшін критерийлер әдетте сақталмауына әкеп соғады. Холдингтік Компания сондай-ақ шарттардың модификациясы едәуір болып табылатындығына сапалы баға береді.

Егер өзге жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активінің шарттарын модификациялау осы қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, онда Холдингтік Компания осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және пайда болған айырманы пайданың немесе залалдың құрамында түрлендіруден пайда немесе залал ретінде таниды. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы активтеріне қатысты түрлендіруден түсетін пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық шарттарды көрсету үшін түзетіледі: осындай модификация шеңберінде туындаған шеккен шығындар немесе төленген комиссиялар және алынған комиссиялық сыйақылар модификацияланған қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетеді және модификацияланған қаржы активінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қарыз алушының номиналды құны бойынша елеулі айыппұлдарсыз мерзімінен бұрын өтеуге құқығы көзделген тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар кредиттер үшін нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде пайыздық мөлшерлеменің нарықтық деңгейге дейін өзгеруін Холдингтік Компания құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар үшін есепке алу тәртібіне ұқсас есепке алады, яғни тиімді пайыздық мөлшерлеме перспективалы түрде қайта қаралады.

**Қаржылық міндеттемелер.** Холдингтік Компания қаржылық міндеттеменің шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасы айтарлықтай ауысатындай етіліп өзгеретін кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырмашылық пайда немесе залалдың құрамында танылады. Төленген өтеу, егер мұндайлар бар болса, жаңа түрлендірілген қаржылық міндеттемені қоса алғанда, берілген қаржылық емес активтерді және өзіне қабылданған міндеттемелерді қамтиды,

Холдингтік Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық факторларын талдай отырып, шарттардың түрленуінің елеулілігіне қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Холдингтік Компания келесі сапалық факторлардың негізінде, шарттарды түрлендіру елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттеме валютасын өзгерту;
- қамсыздандыру түрін немесе міндеттеме сапасын арттыратын басқа құралдарды өзгерту;
- айырбастау шартын қосу;
- қаржылық міндеттеме субординациясын өзгерту.

Сандық бағалау жүргізу үшін, егер жаңа шарттарға сәйкес ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны, оған қоса бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақының төлемдері, бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақшалай қаражат ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға ерекшеленсе, шарттар айтарлықтай ерекше болып саналады.

Егер қаржылық міндеттеме шарттарының модификациясы оны тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының модификацияланған ағындарын дисконттау жолымен қайта есептеледі және нәтижесінде пайда болған айырма пайда немесе залал құрамындағы түрлендіруден пайда немесе залал ретінде танылады. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелерге қатысты түрлендіруден түсетін пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық шарттарды көрсету үшін түзетіледі. Модификация шеңберінде туындаған шеккен шығындар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құралдар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен түрлендірілген қаржылық міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(iii) Қаржылық активтердің және қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру, жалғасы**

###### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған есеп саясаты**

**Қаржылық активтер.** Егер қаржылық активтің шарттары өзгерсе, Холдингтік Компания, мұндай түрлендірілген актив бойынша ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшелене ме екендігін бағалайды. Егер ақшалай қаражаттың ағындары айтарлықтай ерекшеленсе, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартпен қарастырылған бастапқы ақшалай қаражаттың ағындарына құқықтар өткен деп саналады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылады және жаңа қаржылық актив есепте әділ құны бойынша танылады.

Егер қаржы активінің шарттарын модификациялау қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты болса және түрлендіру активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда активтің құнсыздану сомасын бағалау кезінде түрлендіруге дейінгі пайыздық мөлшерлеме пайдаланылады.

**Қаржылық міндеттемелер.** Холдингтік Компания қаржылық міндеттеменің шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақшалай қаражат ағындарының шамасы айтарлықтай ауысатындай етіліп өзгеретін кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің теңгерімдік құны мен шарттары түрлендірілген жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырмашылық пайда немесе залалдың құрамында танылады. Төленген өтем, егер мұндайлар бар болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа модификацияланған қаржылық міндеттемені қоса алғанда, өзіне қабылданған міндеттемелерді қамтиды.

Егер қаржылық міндеттеме талаптарының модификациясы оны тануды тоқтатуға әкелмесе, онда модификация шеңберінде туындаған шеккен шығындар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және түрлендірілген қаржылық міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен амортизацияланады.

##### **(iv) Құнсыздану**

###### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат**

Сонымен қатар 5 ескертпені қараңыз.

Холдинг пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын келесі қаржылық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдардың бағалық резервін мойындайды :

- борыштық құралдар болып табылатын қаржылық активтер;
- қаржылық кепілдіктің шығарылған шарттары.

Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан залал танылмайды.

Холдингтік Компания бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік залалдарға тең сомада күтілетін несиелік залалдарға бағалық резервтерді таниды, келесі құралдарды қоспағанда, олар бойынша резервтің сомасы 12-айлық күтілетін несиелік залалдарға тең болады:

- есептік күндегі жағдай бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- басқа қаржылық құралдар, олар бойынша кредиттік тәуекел бастапқы оларды тану сәтінен бастап едәуір көтерілген жоқ (5 ескертпені қараңыз).

Холдингтік Компания борыштық бағалы қағаз төмен кредиттік тәуекелге ие деп санайды, егер оның кредиттік рейтингі әлемде көпшілік мақұлдаған «инвестициялық сапа» рейтингісінің анықтамасына сәйкес келсе.

12-айлық күтілетін кредиттік залалдар («12-айлық ККЗ») – бұл есептік күннен кейінгі 12 айдың ішінде ықтимал қаржылық құрал бойынша дефолт оқиғасының салдарынан туындайтын күтілетін кредиттік залалдардың бөлігі. 12-айлық ККЗ танылатын қаржылық құралдар «1 саты» қаржылық құралдарына жатады.

Барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ("барлық мерзім ішінде ККЗ") қаржы құралы бойынша барлық ықтимал дефолт оқиғаларының нәтижесінде оның күтіліп отырған мерзімі ішінде ККЗ ретінде анықталады. ККЗ барлық мерзім ішінде танылатын қаржы құралдары "2-сатылы" (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел оның бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай жоғарылаған, бірақ қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын жағдайда) және "3-сатылы" (егер қаржы құралы кредиттік-құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(iv) Құнсыздану, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат, жалғасы**

**ККЗ бағалау.** Күтілетін кредиттік залалдар дефолттың басталу ықтималдығының дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдардың есептік бағасы болып табылады. Олар келесідей түрде бағаланады:

- *есептік күндегі жағдай бойынша несиелік-құнсызданған болып табылмайтын қаржылық активтерге қатысты:* барлық күтілетін ақшалай қаражаттарды алмаудың келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Холдингтік Компанияға тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және Холдингтік Компания алады деп күтетін ақшалай қаражат ағындарының арасындағы айырмашылық);
- *есептік күндегі жағдай бойынша несиелік-құнсызданған болып табылатын қаржылық активтерге қатысты:* активтердің жалпы теңгерімдік құны мен есептік болашақ ақшалай қаражат ағындарының келтірілген құны арасындағы айырмашылық;
- *қаржылық кепілдік шарттарына қатысты:* шартты ұстаушы көтерген несиелік залалдың өтемақысы ретінде, Холдингтік Компания өтеймін деп күтетін сомаларды шегергенде, шартты ұстаушыға күтілетін төлемдердің келтірілген құны.

Сонымен қатар 5 ескертпені қараңыз.

**Қайта құрылымдалған қаржылық активтер.** Тараптардың келісімі бойынша қаржылық активтің шарттары қайта қаралған жағдайда немесе қаржылық активтің шарттарын түрлендірілген жағдайда, немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты қолданыстағы қаржылық актив жаңасына ауыстырылған жағдайда, осы қаржылық активті тануды тоқтату қажеттілігіне қатысты бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар келесідей түрде бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті танудың тоқтатылуына алып келмесе, түрлендірілген қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін ағындары қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомасының есебіне қосылады.
- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті танудың тоқтатылуына алып келсе, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны, тану тоқтатылған сәтте қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қарастырылады. Бұл сома, қолданыстағы қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен бастап есептік күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолданыстағы қаржылық актив бойынша ақшалай қаражатты алмау сомасының есебіне қосылады.

**Кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер.** Әрбір есептік күнге Холдингтік Компания амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржылық активтерге және басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін борыштық қаржылық активтерге, олардың кредиттік құнсыздануына қатысты бағалау жүргізеді. Қаржылық актив, мұндай қаржылық актив бойынша ақшалай қаражаттың есептік болашақ ағындарына жағымсыз ықпал ететін бір немесе бірнеше оқиғалар орын алған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржылық активтің кредиттік құнсыздануының куәсі, атап айтқанда, келесі бақыланатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиыншылықтары;
- дефолт немесе төлемді кешіктіру сияқты шарттың талаптарының бұзылуы;
- басқа жағдайда ол тіптен қарастырмайтын шарттарда Холдингтік Компаниямен қарызды немесе аванстық төлемді қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттық немесе басқа қаржылық қайта құрылымдау ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиыншылықтардың нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоқ болуы.

Шарттары қарыз алушының қаржылық жағдайының туындауы салдарынан қайта қаралған кредит, әдетте, кредиттік-құнсызданған болып саналады, тек егер шартпен қарастырылған ақшалай қаражат ағындарын алмау тәуекелі төмендеді және құнсызданудың басқа белгілері жоқ дегеннің куәсі бар болмаса.



### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(iv) Құнсыздану, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат, жалғасы**

**Қаржылық жағдай туралы жеке есептегі күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалық резервті ұсыну.** Күтілетін кредиттік залалдарға бағалық резервтің сомалары қаржылық жағдай туралы жеке есепте келесідей түрде ұсынылған: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер: бұл активтердің жалпы теңгерімдік құнының азаюы сияқты;

- қаржылық кепілдіктер шарттары: жалпы жағдайда, резерв сияқты;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар: залалдарға бағалық резерв қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылмайды, себебі бұл активтердің теңгерімдік құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда залалдарға бағалық резервтің шамасы әділ құнның өзгерістер резервінің құрамында ашылады және танылады.

**Есептен шығару.** Кредиттер мен борыштық бағалы қағаздар, оларды есептен шығарудың негізделген күтімдері болмаған кезде, есептен шығарылуға жатады (ішінара немесе толық сомада). Холдингтік Компания есептен шығарылуға жататын берешектің сомаларын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақшалай қаражат ағындарын тудыруы мүмкін активтер немесе табыс көздері қарыз алушыда жоқтығын анықтайды. Бұл бағалау әрбір актив үшін жекелей орындалады.

Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте «борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан залалдар» бабында көрсетіледі.

Алайда есептен шығарылған қаржы активтері тиісті сомаларды өтеуге қатысты Холдинг Компанияның рәсімдеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қала беруі мүмкін.

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат**

**Құнсызданудың объективті куәлігі.** Әрбір есепті күнге Холдингтік Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтеріне қатысты құнсызданудың объективті куәлігінің болуы мәніне бағалау жүргізеді. Қаржы активі немесе қаржы активтері тобы, егер активті (активтерді) бастапқы танудан кейін залалға әкеп соққан оқиға орын алғаны туралы объективті куәлік болса және көрсетілген оқиға сенімділікпен бағалауға болатын осы актив (активтер) бойынша ақша қаражатының болашақ ағындарына әсер еткен жағдайда ғана құнсызданған болып есептеледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті куәлігі мыналар болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиыншылықтары;
- міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе қарыз алушының төлемдердің мерзімін өткізуі;
- өзге жағдайларда ол қарастырмайтын шарттарда Холдингтік Компанияның кредитті немесе аванстық төлемді қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының немесе эмитенттің ықтимал банкроттық белгілері;
- бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- қарыз алушылардың немесе топқа кіретін эмитенттердің төлем қабілеттілігінің нашарлауы немесе қарыз алушылардың немесе көрсетілген топқа кіретін эмитенттердің міндеттемелерді орындамауымен (дефолтпен) корреляцияланатын экономикалық шарттардың өзгеруі сияқты активтер тобына жататын бақыланатын деректер.

**Құнсыздануды бағалау.** Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын активтердің құнсыздануынан болған залалдар баланстық құн мен тиісті қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақтағы бағалау ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде есептеледі. Сату үшін қолда бар активтердің құнсыздануынан болған залалдар баланстық және әділ құн арасындағы айырма ретінде есептеледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер, жалғасы**

##### **(iv) Құнсыздану, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат, жалғасы**

##### **Құнсызданудан болған залалдың қалпына келтірілген сомалары**

- *Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтерге қатысты:* егер құнсызданудан болған залалдарды танығаннан кейін болған оқиға құнсызданудан болған залал сомасының азаюына әкеп соқтырса, онда құнсызданудан болған залалды азайту шамасы тиісті сомаларды пайданың немесе залалдың құрамында көрсете отырып, қалпына келтіруге жатады.
- *Сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарға қатысты:* егер кейінгі кезеңде сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздың әділ құны өссе және ұлғаю құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болса, онда құнсызданудан болған залал тиісті сомаларды пайданың немесе залалдың құрамында көрсете отырып қалпына келтіріледі; өзге жағдайда әділ құнның кез келген ұлғаюы өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

Сату үшін қолда бар құнсызданған үлестік бағалы қағаздың әділ құнын кез келген кейінгі қалпына келтіру әрдайым өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

**Ақпаратты ұсыну.** Құнсызданудан болған залалдар пайда немесе залал құрамында танылады және өтеу мерзіміне дейін ұсталатын кредиттер мен дебиторлық берешектің немесе инвестициялық бағалы қағаздардың құнсыздануына резерв шоты бойынша көрсетіледі. Құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірісті тану дисконтты босату арқылы жалғасады.

Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың құнсыздануынан болған залалдар өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған залалды қайта сыныптау түзету ретінде пайданың немесе залалдың құрамына аудару арқылы танылады. Өзге жиынтық кіріс құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктелетін жинақталған шығын бұрын пайда немесе залал құрамында танылған құнсызданудан болған залалды шегере отырып, негізгі сома мен амортизацияның кез келген төлемдерін шегере отырып, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырманы білдіреді. Ақшаның уақытша құнына жататын құнсыздану сомасының өзгеруі пайыздық кірістің компоненті ретінде көрсетіледі.

**Есептен шығару.** Холдингтік Компания тиісті берешекті өндіріп алу мүмкін еместігін анықтағаннан кейін тиісті құнсыздануға арналған резерв есебінен кредитті немесе инвестициялық борыштық бағалы қағазды ішінара немесе толық сомада есептен шығарады.

##### **Инвестициялық бағалы қағаздар**

##### **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын саясат**

Қаржылық жағдай туралы жеке есептің «Инвестициялық бағалы қағаздар» бабы мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады плюс мәміле бойынша және салдарынан тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша қосымша тікелей шығындар;
- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар немесе Холдингтік Компанияның қалауынша осы санатқа сыныпталатын; олар өзгерістері дереу пайда немесе залалдың құрамында танылатын әділ құн бойынша бағаланады.

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат**

Инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құны бойынша плюс, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын инвестициялық бағалы қағаздар жағдайында мәміле бойынша тиісті шығындар қосылады және кейіннен есепте олардың жіктелуіне байланысты немесе өтеу мерзіміне дейін ұсталатын ретінде, не болмаса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, не болмаса сату үшін қолда бар ретінде көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат, жалғасы**

**Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын.** Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы немесе сату үшін қолда бар ретінде әділ құн бойынша бағалау санатына жіктелгендерден басқа, оларға қатысты Холдингтік Компания қатты ниеті және оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап тұру мүмкіндігі бар тіркелген немесе анықталатын төлемдері және белгіленген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялардың болмашы сомасын сату немесе қайта жіктеу өтеу мерзіміне дейін ұсталатын барлық инвестицияларды "сату үшін қолда бар" бағалау санатына қайта сыныптауға әкеп соқтырар еді және Холдингтік Компанияға инвестициялық бағалы қағаздарды ағымдағы және кейінгі екі қаржы жылы ішінде өтеу мерзіміне дейін ұсталатын ретінде жіктеуге мүмкіндік берер еді. Алайда сату немесе қайта сыныптау, қайта сыныптау қажеттігіне әкелмеуші еді, егер мұндай сату немесе қайта сыныптау:

- өтеу мерзіміне жақын жүзеге асырылғандығы соншалықты, бұл нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі қаржы активінің әділ құнына елеулі әсер етпес еді;
- Холдингтік Компания активтің барлық бастапқы негізгі сомасын іс жүзінде алған кезде жүзеге асырылса; және
- Холдингтік Компанияның бақылауынан тыс тұрған жекелеген оқиғадан туындаса, бір реттік сипатқа ие болса және оның басталуын Компания негізді түрде болжай алмаса.

##### **Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санаты**

- **Саудаға арналған активтер** - Холдингтік Компания сатып алған немесе ең алдымен жақын болашақта сату немесе сатып алу мақсатында туындаған активтер болып табылады немесе құрамында активтерді басқару қысқа мерзімді пайда алу үшін бірлескен негізде жүзеге асырылатын портфельдің бір бөлігі болып табылады. Саудаға арналған активтер бастапқыда қаржылық жағдай туралы жеке есепте әділ құн бойынша танылады және кейіннен бағаланады, бұл ретте мәміле бойынша тиісті шығындар пайда немесе залал құрамында танылады. Әділ құнның барлық өзгерістері пайда немесе залал құрамындағы сауда операциялары бойынша таза табыстың бөлігі ретінде танылады.
- **Холдингтік Компанияның қалауы бойынша жіктелген активтер.** Кейбір инвестициялық бағалы қағаздар Холдингтік Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал құрамында әділ құнның өзгерістерін дереу көрсете отырып, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген.

**Сату үшін қолда бар.** Сату үшін арналған қолда бар инвестициялар ұйымның қалауы бойынша сату үшін қолда бар ретінде жіктелген немесе бірде-бір басқа санатқа жіктелмеген туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Сату үшін қолда бар инвестициялар үлестік бағалы қағаздар мен борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Әділ құны сенімді бағалауға жатпайтын, бағаланбайтын үлестік бағалы қағаздар бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Сату үшін қолда бар барлық өзге инвестициялар бастапқы әділ құны бойынша танылғаннан кейін бағаланады.

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайда немесе залал құрамында танылады. Дивидендтер нысанындағы кірістер Холдингтік Компания дивидендтер алуға құқылы болған кезде пайда немесе залал құрамында танылады. Сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар бойынша оң және теріс бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамында танылады. Құнсызданудан болған залалдар пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Құнсызданудан болған залалдардан ерекшеленетін әділ құнның өзге де өзгерістері өзге жиынтық кіріс құрамында танылады және меншікті капитал құрамында әділ құн өзгерістерінің резервінде ұсынылады. Тиісті қаржы активін тану тоқтатылған кезде өзге жиынтық кіріс құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы қайта сыныптау түзетуі арқылы меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына аударылады.

Кредиттер мен дебиторлық берешекті айқындауға сәйкес келетін сату үшін қолда бар ретінде жіктелетін қаржы активі, егер Холдингтік Компания осы қаржы активін таяу болашақта немесе оны өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігі болса, осы санаттан "кредиттер және дебиторлық берешек" санатына қайта жіктелуі мүмкін, ол сату үшін қолда бар ретінде жіктелген болмаса.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы**

##### **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылған саясат, жалғасы**

**Қаржылық кепілдік шарттары және қарыздар беру бойынша міндеттемелер.** Қаржылық кепілдік шарты – бұл Холдингтік Компанияның шартта көрсетілген борышқор төлемді борыш құралының талаптарында белгіленген мерзімде жүзеге асыра алмауының нәтижесінде соңғысы шеккен шығынды өтеу үшін кепілдік ұстаушыға белгілі бір төлемдер жүргізуге міндеттейтін шарт. Қарыз беру бойынша міндеттеме – бұл алдын ала келісілген шарттарда және белгіленген мерзімде қарыз берудің қатаң міндеттемесі.

Шығарылған қаржы кепілдігінің шарттары немесе қарыз беру жөніндегі міндеттемелер нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Кейіннен олар келесідей бағаланады:

- **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:** екі шаманың ең үлкені бойынша: тиісті жағдайларда ХҚЕС (IFRS) 15 қағидаттарына сәйкес танылған табыстың жинақталған сомасын шегере отырып, бастапқы танылған соманы шегере отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес айқындалған залал үшін бағалау резервінің сомасы; және
- **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:** екі шаманың ең үлкені бойынша: қаржылық кепілдік шартының немесе қарыз беру жөніндегі міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланған бастапқы әділ құнды білдіретін сома және шарт бойынша төлем алу ықтимал болған кезде міндеттемені өтеу бойынша кез келген күтілетін төлемнің ағымдағы құны.

Холдингтік Компанияның пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздарды беру бойынша шығарылған міндеттемелері жоқ.

Қарыздар беру жөніндегі өзге міндеттемелер бойынша:

- **2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:** Холдингтік Компания залалдарға арналған бағалау резервін таниды;
- **2018 жылғы 1 қаңтарға дейін:** Егер шарт ауыртпалықты деп танылса, Холдингтік Компания ХҚЕС (IAS) 37 сәйкес резервті таныды.

Шығарылған қаржылық кепілдік шарттарына және қарыздар беру бойынша міндеттемелерге қатысты танылған қаржылық міндеттемелер өзге міндеттемелер құрамына енгізілді.

**Ақша қаражаты мен оның баламалары.** Ақша қаражаты мен оның баламалары қолма-қол ақшаның белгілі бір сомасына жеңіл айырбасталатын баптар болып табылады және құнның болмашы өзгеруіне ұшырайды. Ақша қаражаты мен оның баламаларына бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем банкттердегі барлық орналастырулар мен депозиттер жатады. Беру кезінде үш айдан астам кезеңге пайдалану бойынша өздеріне қатысты шектеулер бар қаражат ақша қаражаты мен оның баламаларының құрамынан алып тасталады. Ақша қаражаты мен оның баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

**Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер.** Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға туынды қаржы құралдарымен байланысты емес және ашық нарықта белгіленімдері жоқ, белгіленген немесе белгіленген күнге өтеуге жататын дебиторлық берешекті сатып алу немесе құру мақсатында аванстық төлемдер түрінде ақша қаражатын бергенде және бұл ретте Холдингтік Компанияда осы дебиторлық берешекпен сауда операцияларын жүзеге асыру ниеті болмаса ескеріледі. Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер амортизацияланған құны бойынша ескеріледі.

**Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.** Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Холдингтік Компания қазақстандық теңгемен шығарған облигацияларды қамтиды. Борыштық бағалы қағаздар амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар.** Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар теңгемен деноминацияланған және амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

**Жеткізушілермен есеп айырысу және өзге кредиторлық берешек.** Кредиторлық берешек контрагенттің өз міндеттемелерін орындауы кезінде танылады және амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

**Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар.** Холдингтік Компанияның бақылауындағы инвестиция объектілері еншілес кәсіпорындар болып табылады. Егер Холдингтік Компания инвестиция объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріске байланысты тәуекелге ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестиция объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген кірістің шамасына ықпал етуге қабілеті болса, Холдингтік Компания инвестиция объектісін бақылайды. Жеке қаржылық есептілікті дайындаған кезде Холдингтік Компания құнсыздандуды шегере отырып, нақты құны бойынша еншілес кәсіпорындарға инвестицияларды ескереді. Еншілес кәсіпорындарға инвестициялардың нақты құны 10-ескертпеде ашып көрсетілген.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

**Негізгі құралдар.** Негізгі құралдар негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы және құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, өзіндік құны бойынша есепке алынады (бұл қажет болған жерде).

Болмашы жөндеу және ағымдағы қызмет көрсету бойынша шығыстар олардың туындауына қарай есепке алынады. Негізгі құралдардың ірі компоненттерін ауыстыру бойынша шығыстар кейіннен ауыстырылған компонент есептен шығарыла отырып капиталдандырылады.

Әрбір есепті кезеңнің аяғында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Құнсыздану белгілері болған кезде басшылық өтелетін құнды бағалауды жүргізеді, ол сатуға арналған шығындар және пайдалану құны шегеріле отырып, активтің әділ құнының ең үлкені ретінде айқындалады. Теңгерімдік құн өтелетін құнға дейін азайтылады, ал құнсызданудан болған залал кезең ішіндегі пайдаға немесе залалға жатқызылады. Алдыңғы кезеңдерде қандай да бір актив үшін көрсетілген құнсызданудан болған залал, егер пайдалану құнын немесе сатуға арналған шығындар шегеріле отырып, оның әділ құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс орын алса, қалпына келтіріледі.

Түсімнің сомасын теңгерімдік құнмен салыстыру арқылы айқындалатын, істен шығарудан болатын пайда мен залал кезең ішіндегі пайдада және залалда көрсетіледі (өзге операциялық кірістер мен шығыстар құрамында).

**Амортизация.** Басқа негізгі құралдар бойынша амортизация желілік әдіс пайдаланыла отырып, яғни активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде қалдық құнға дейін құны біркелкі азайтыла отырып есептеледі:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Көлік құралдары	5 - 7
Офистік және компьютерлік жабдық	2 - 10
Басқалары	3 - 20

Активтің қалдық құны – бұл, егер актив пайдалы қолдану мерзімінің аяғына және пайдалы қолдану мерзімінің аяғына тән жай-күйге жетіп қойған болса, істен шығаруға болжанып отырған шығындар шегерілгеннен кейін ағымдағы кезде активтің істен шығуынан Холдингтік Компания алатын есептік сома. Активтердің қалдық құны және оларды пайдалы қолданудың мерзімі қайта қаралады және егер қажет болса, әрбір есепті кезеңнің аяғында оларға түзету енгізіледі.

**Материалдық емес активтер.** Гудвилден басқа, Холдингтік Компанияның материалдық емес активтерінің белгілі бір пайдалы қолдану мерзімі бар және олар, негізінен, капиталдандырылған бағдарламалық қамтылымды және басқа да сатып алынған лицензияларды қамтиды. Бағдарламалық қамтылымға сатып алынған лицензиялар осы бағдарламалық қамтылымды сатып алу және енгізу үшін келтірілген шығындар негізінде капиталдандырылады. Холдингтік Компания бақылайтын, сәйкестендірілетін және бірегей бағдарламалық қамтылымға тікелей байланысты әзірлеуге арналған шығындар, егер қосымша экономикалық пайданың сомасы шығындардан асып түседі деп күтілсе, материалдық емес активтер ретінде көрсетіледі. Капиталдандырылған шығындар бағдарламалық қамтылымды әзірлеушілер тобын ұстауға арналған шығыстарды және үстеме шығыстардың тиісті үлесін қамтиды. Бағдарламалық қамтылымға (мысалы, оған қызмет көрсетуге) байланысты барлық басқа шығындар олардың келтірілуіне қарай ескеріледі.

Материалдық емес активтер активтерді пайдалы қолданудың мынадай есептік мерзімдері ішінде желілік әдіспен амортизацияланады:

	<u>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</u>
Компьютерлік бағдарламалық қамтылымға арналған лицензиялар мен патенттер	3 - 20
Дербес әзірленген бағдарламалық қамтылым	1 - 14
Басқалары	2 - 15

**Операциялық жалға алу.** Холдингтік Компания жалға алушы ретінде болғанда және жалға алу объектілерін иеленуден келетін тәуекелдер мен кірістерді жалға беруші Холдингтік Компанияға бермеген кезде операциялық жалға алу шарттары бойынша төлемдердің жалпы сомасы жалға алу мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісі пайдаланыла отырып, кезең ішіндегі пайдада немесе залалда (операциялық жалға алу бойынша шығыстар ретінде) көрсетіледі.

Егер (а) шартты орындау нақты бір активті немесе активтерді пайдалануға байланысты болса және (б) шартта активті пайдалану құқығын беру көзделсе, басқа шарттарға кіріктірілген жалға алу бөліп көрсетіледі.

Активтер операциялық жалға берілген кезде, алуға жататын жалға алу төлемдері жалға алу мерзімі ішінде біркелкі есептен шығару әдісі пайдаланыла отырып, жалға беруден болатын кірістер ретінде көрсетіледі.

**Табыс салығы.** Жеке қаржылық есептілікте, қолданылатын немесе мәні бойынша есепті кезеңнің аяғында күшіне енген салық мөлшерлемелері мен заңнамалық нормалар пайдаланыла отырып, заңнаманың талаптарына сәйкес салық салу бойынша шығыстар көрсетілген. Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы салықтар бойынша шығысты/кірісті және кейінге қалдырылған салықтар бойынша шығысты/кірісті қамтиды және егер олар осы немесе басқа кезеңде жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілген операцияларға жатуына байланысты, жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда көрсетілмеуге тиіс болса, кезең ішіндегі пайдада немесе залалда көрсетіледі

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Табыс салығы, жалғасы**

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдердегі салық салынатын пайда немесе залалға қатысты салық органдарынан төлеу немесе өтеу болжамданатын сома болып табылады. Егер жеке қаржылық есептілік тиісті салық декларациялары берілгенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе залал бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Өзге салықтар, табыс салығынан бөлек, операциялық кірістің құрамында көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған табыс салығы кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен жеке қаржылық есептегі олардың теңгерімдік құны арасында туындайтын, болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салықтық залалдар мен уақыт айырмашылықтарына қатысты теңгерімдік әдіспен есептеледі. Бизнесті біріктіру нәтижесінде туындайтын бастапқы тану жағдайларынан басқа, егер бастапқы тану кезінде мәміле әрі бухгалтерлік, әрі салық салынатын пайдаға әсер етпесе, бастапқы тану үшін ерекше жағдайға сәйкес активті немесе міндеттемені бастапқы тану кезінде туындайтын уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық есепке алынбайды. Кейінге қалдырылған салық салу бойынша активтер мен міндеттемелер қолданылатын немесе мәні бойынша есепті кезеңнің аяғында қолданылатын және күтіліп отырғандай, уақыт айырмашылықтары немесе кейінге қалдырылған салық залалдары іске асырылған кездегі кезеңде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері пайдаланыла отырып айқындалады.

Уақытша айырмалардың салық салынатын базасын азайтатын және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер болашақта осындай шегерімдер сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың жеткілікті ықтималдығы болған жағдайда ғана танылады.

**Айқындалмаған салық позициялары.** Холдингтік Компанияның айқындалмаған салық позицияларын басшылық әрбір есепті кезеңнің аяғында бағалайды. Салықтарға қатысты көрсетілетін міндеттемелер, егер Холдингтік Компанияның салық позициясына салық органдары дау айтатын болса, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің туындауы ықтимал деп есептеген жағдайларда есепке алынады. Мұндай бағалау есепті кезеңнің аяғында қолданылған немесе мәні бойынша күшіне енген салық заңнамасын түсіндіру және осыған ұқсас мәселелер бойынша соттың кез-келген белгілі қаулысы немесе өзге де шешім негізінде орындалады. Пайда салығын қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есепті кезеңнің аяғындағы міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығыстарды ең үздік бағалауы негізінде көрсетіледі.

**Мемлекеттік субсидиялар.** Мемлекеттік субсидиялар Үкімет, мемлекеттік агенттіктер және мемлекеттік ұйымдар өткенде немесе болашақта Холдингтік Компанияның операциялық қызметіне қатысты белгілі бір шарттарды орындауға айырбастай отырып, Холдингтік Компанияға ресурстарды аудару нысанында беретін көмекті білдіреді. Холдингтік Компания оларға байланысты барлық шарттарды орындайтынына және көрсетілген субсидияларды алатынына негізді сенім болғанды қоспағанда, басқа жағдайларда мемлекеттік субсидиялар танылмайды. Өтеуді талап етуі мүмкін шарттар болған кезде субсидиялар өзге міндеттемелердің құрамында танылады.

Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік қарыз алудан болатын пайда мемлекеттік субсидия ретінде есепке алынады. Нарықтық мөлшерлемеден төмен сыйақы мөлшерлемесінен болатын пайда қарыздың бастапқы теңгерімдік құны мен түсімдер сомасы арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Мемлекеттік субсидиялар Холдингтік Компания шығыстар ретінде субсидиялардың қаражаты соларды өтеуге арналған тиісті шығындарды танитын кезеңдер ішінде жүйелі негізде пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

**Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер.** Міндеттемелер мен аударымдар үшін резервтер мерзімі немесе сомасы белгіленбеген қаржылық есеп сипаттағы міндеттемелерді білдіреді. Холдингтік Компанияның қандай да бір өткендегі оқиғаның нәтижесінде туындаған міндеттемелері (заңды немесе қалыптасқан практикаға негізделген) болған кезде резервтер жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бұл ретте міндеттемені реттеу үшін Холдингтік Компанияға экономикалық пайданы қамтитын ресурстарды істен шығару талап етілуі және міндеттеменің шамасын сенімді түрде бағалауды келтіру қажет болуы мүмкін.

**Акционерлік капитал.** Міндетті өтеуге жатпайтын қарапайым акциялар және басшылықтың қалауы бойынша олар бойынша жарияланатын дивидендтер капитал ретінде көрсетіледі. Жаңа акциялардың эмиссиясына тікелей қатысты қосымша шығындар (салық есепке алынбай) капиталда түсімді азайту ретінде көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құны шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып түсетін сома капиталда эмиссиялық кіріс ретінде көрсетіледі.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

**Кірістерді және шығыстарды көрсету.** Барлық борыштық құралдар бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Мұндай есептеу пайыздық кірістер мен шығыстарға шарттың тараптары төлеген және алған әрі тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын барлық комиссиялар мен алымдарды, мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ өзге сыйлықақыларды немесе жеңілдіктерді қосады.

Тиімді пайыздық мөлшерлемеге жататын комиссиялар қаржы активін қалыптастыруға немесе сатып алуға немесе қаржы міндеттемесін шығаруға байланысты алынған немесе төленген комиссияларды (мысалы, кредит қабілеттілігін бағалау, үшін кепілдіктерді немесе қамтамасыз етуді бағалау немесе есепке алу үшін, құралды беру шарттарын реттеу үшін және мәміле бойынша құжаттарды өңдеу үшін комиссиялық алымдар) қамтиды. Холдингтік Компания нарықтық мөлшерлемелер бойынша кредит беру жөніндегі міндеттемені шығарғаны үшін алған комиссиялар, егер Холдингтік Компания нақты кредиттік келісім жасасады және кредитті бергеннен кейін қысқа мерзім ішінде оны өткізуді жоспарламайды деген ықтималдық болса, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингтік Компания кредит беру жөніндегі міндеттемені өзгерістері пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемесі ретінде сыныптамайды.

Барлық өзге комиссиялық кірістер, өзге кірістер мен өзге де шығыстар, әдетте, берілуі тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызметтің үлесі ретінде айқындалатын нақты мәміленің аяқталу дәрежесіне байланысты есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Синдикатталған кредиттер үшін комиссия синдикаттау операциясы аяқталған кезде кіріс ретінде көрсетіледі және Холдингтік Компания кредиттік пакеттің бір бөлігін өзіне қалдырмайды немесе Холдингтік Компания мәміленің басқа қатысушылары сияқты сол тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша пакеттің бір бөлігін өзіне қалдырады.

**Шетелдік валютаны қайта бағалау.** Холдингтік Компанияның функционалдық валютасы және Холдингтік Компанияның жеке қаржылық есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы, қазақстандық теңге болып табылады.

**Персоналды ұстауға арналған шығыстар және оларға байланысты аударымдар.** Жалақыға арналған шығыстар, мемлекеттік зейнетақы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар және ауруы бойынша ақы төленетін демалыс, ақшалай емес нысандағы сыйлықақылар мен жеңілдіктер Холдингтік Компания қызметкерлерінің тиісті қызметтерді көрсетуіне қарай есепке жазылады. Холдингтік Компанияның мемлекеттік жоспарға сәйкес, белгіленген жарналары бар төлемдерден бөлек, зейнетақыларды немесе осыған ұқсас төлемдерді төлеу бойынша қандай да бір құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік практикадан туындайтын міндеттемелері жоқ.

**Өтімділік тәртібінде қаржылық жағдай туралы жеке есептің баптарын ұсыну.** Холдингтік Компанияның нақты айқындалатын операциялық циклі жоқ және сондықтан, Холдингтік Компания қаржылық жағдай туралы жеке есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелерді жеке-жеке ұсынбайды. Оның орнына, активтер мен міндеттемелер 21-ескертпеде өтеудің күтілетін мерзімдері бойынша ұсынылған.

#### **Салыстырмалы деректерді ұсыну**

ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу нәтижесінде Холдингтік Компания жеке қаржылық есептіліктің негізгі есептеріндегі белгілі баптарды ұсыну тәртібін өзгертті. Салыстырмалы деректерді ұсыну да ағымдағы кезеңде ақпаратты ұсыну тәртібіне сәйкес тиісті түрде өзгертілді.

Негізгі өзгерістердің қаржылық жағдай туралы жеке есепте ақпаратты ұсыну тәртібіне әсері 6 ескертпеде келтірілген.

Негізгі өзгерістердің 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есептегі ақпаратты ұсыну тәртібіне әсері келесідей:

- «Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар» бабы «Инвестициялық бағалы қағаздар» бабының құрамында ұсынылған.

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар**

Стандарттарға бірқатар жаңа стандарттар мен түзетулер, оларды мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен, 2019 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда Холдингтік Компания, теріс өтемақымен мерзімінен бұрын өтеу туралы шарттарға қатысты, 2017 жылғы қазанда шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулерді қоспағанда, оларды осы жеке қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданған жоқ.

**ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау».** Холдингтік Компания 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» ауысуы тиіс. Холдингтік Компания бұдан әрі сипатталғандай, жеке қаржылық есептілікке ХҚЕС (IFRS) 16 ауысудың болжамды әсерін бағалады. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты қолданудың нақты әсері өзгеруі мүмкін, өйткені:

- Холдингтік Компания жаңа ақпараттық жүйелерді тестілеу мен бақылау құралдарын бағалауды әлі аяқтамаған; және
- есепке алу саясатының жаңа ережелері Холдингтік Компания бастапқы қолдану күнін қамтитын өзінің алғашқы жеке қаржылық есептілігін дайындау процесін аяқтағанға дейін өзгеруі мүмкін.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері, жалғасы**

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар, жалғасы**

##### **ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау», жалғасы**

ХҚЕС (IFRS) 16 жалға алушының теңгерімінде көрсетілуін болжамдайтын жалгерлік шарттарын жалға алушылардың ескеруінің бірыңғай моделін енгізеді. Бұл модельге сәйкес жалға алушы базалық активті пайдалану құқығы болып табылатын пайдалану құқығы нысанындағы активті, және жалгерлік төлемдерді жүзеге асыру міндеті болып табылатын жалдау бойынша міндеттемені тануы тиіс. Қысқа мерзімді жалға алуға және құны төмен объектілердің жалға алынуына қатысты міндетті емес жеңілдетулер қарастырылған. Жалға берушілер үшін есеп ережелері жалпы сақталады – олар жалға алуды қаржылық және операциялық деп сыныптауды жалғастыратын болады.

ХҚЕС (IFRS) 16, «Жалға алу» атты 17 ХҚЕС -ті (IAS), «Келісімде жалға алу белгілерінің бар-жоғын айқындау» атты 4-ХҚЕТК-ні (IFRIC) түсіндірмесін, ТТК-нің (SIC) «Операциялық жалға алу – ынталандырма» атты 15-түсіндірмесін және ТТК-нің (SIC) «Жалға алудың заңды нысаны бар мәмілелердің мәнін айқындау» атты 27-түсіндірмесін қоса алғанда, жалға алуға қатысты қолданыстағы нұсқаулықты алмастырады.

##### **(i) Холдинг жалға алушы болып табылатын жалдау шарттары**

Холдингтік Компания стандарттың өзінің жеке қаржылық есептілігіне әсерін бағалауды әлі аяқтамады. Холдингтік Компания жалға алушы болып табылатын операциялық жалдау шарттарына қатысты Холдингтік Компания өзінің жеке қаржылық есептілігіне стандарттың елеулі әсерін күтпейді

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қаржылық жалдау шарттары болған жоқ.

##### **(ii) Холдингтік Компания жалға беруші болып табылатын жалдау шарттары**

Холдингтік Компанияның өзі жалға беруші болып табылатын жалдау шарттары жоқ.

##### **(iii) Жаңа стандартқа көшу**

Холдингтік Компания түрлендірілген ретроспективті тәсілді пайдалана отырып, 2019 жылғы 1 қаңтарға ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолдануды жоспарлайды. Демек, ХҚЕС (IFRS) 16 бастапқы қолданудың жиынтық әсері салыстырмалы ақпаратты қайта есептемей 2019 жылғы 1 қаңтарға бөлінбеген кіріс пайданы түзету ретінде танылатын болады.

Жаңа стандартқа көшу кезінде Холдингтік Компания қолданыстағы шарттардың қайсысы жалға алу шарттары болып табылатынына немесе жалға алу қатынастарының болуына қатысты бұрынғы бағалауды күшінде қалдыруға мүмкіндік беретін практикалық сипаттағы оңайлатуды қолдануды жоспарлайды. Бұл Холдингтік Компания ХҚЕС (IFRS) 16-ны 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған және ХҚЕС (IAS) 17 және ХҚЕС (IFRIC) 4-ке сәйкес жалдау шарттары ретінде сәйкестендірілген барлық шарттарға қолданатынын білдіреді.

**Басқа стандарттар.** Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Холдингтік Компанияның жеке қаржы есебіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

- ХҚЕТК (IFRIC) 23 түсіндіруі Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік.
- Қауымдасқан немесе бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар (ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер).
- Жоспарға түзетулер, жоспарды қысқарту немесе міндеттемелерді реттеу (ХҚЕС (IAS) 19 түзетулер).
- Жыл сайынғы ХҚЕС жетілдіру, 2015-2017 жылдар кезеңі – түрлі стандарттар.
- ХҚЕС стандарттарындағы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелерге түзетулер.
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары».

### **4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар**

Холдингтік Компания жеке қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және келесі қаржы жылындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына әсер ететін есеп айырысу бағалауы мен долбарларды жүргізеді. Есеп айырысу бағалауы мен пайымдар, болашақтағы оқиғаларға қатысты болжалдарды қоса алғанда, басшылықтың тәжірибесі мен басқа факторлар негізінде тұрақты түрде талданады, олар, басшылықтың пікірінше, ағымдағы мән-жайлар тұрғысынан негізді болып табылады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық, бағалау қолданылатын пайымдауларды қоспағанда, кәсіби пайымдарды да пайдаланады. Жеке қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға және нәтижесі келесі қаржы жылы ішіндегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына енгізілетін елеулі түзетулер болуы мүмкін бағалауға әсер ететін кәсіби пайымдар мыналарды қамтиды:

**Салық заңнамасы.** Қазақстан Республикасының салық, валюталық және кеден заңнамасында әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол беріледі (22-ескертпе).

**Мемлекеттік даму бағдарламалары бойынша нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша тартылған және орналастырылған қаражатты бастапқы тану.** 2017 жылы экономиканы дамытудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде тартылған қаражатты және еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді есепке алуға және бағалауға қатысты көзқарас 9, 11 және 12-ескертпелерде ашып көрсетілген.



#### **4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есеп айырысу бағалаулары және кәсіби пайымдар, жалғасы**

**Байланысты тараптармен операцияларды бастапқы тану.** Өзінің қарапайым қызметі барысында Холдингтік Компания байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес қаржы құралдары бастапқы кезде әділ құны бойынша көрсетілуге тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғанын-асырылмағанын айқындау үшін мұндай операциялар үшін белсенді нарық болмаған кезде кәсіби пайымдар пайдаланылады. Байланысты емес тараптармен операциялардың ұқсас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау пайым үшін негіз болып табылады.

**Қаржылық активтерді сыныптау (2018 жылға ғана қатысты):** Бизнес-модельді бағалау, оның аясында қаржылық активтер ұсталынады, және қаржылық активтің шарттық талаптары негізгі соманың өтелмеген қалдығына негізгі соманың және пайыздардың ғана төлемін қарастыра ма екендігін бағалау.

**Қаржы құралдарының құнсыздануы (тек 2018 жылға қарай қолданылады):** Қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай артуы орын алған жоқ па, және күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға болжамды ақпаратты енгізу – 5-Ескертпе.

#### **5 Қаржылық тәуекелдерді талдау**

Осы ескертпеде Холдингтік Компанияның қаржы тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы ақпарат ұсынылған. Қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі Холдингтік Компания қолданатын саясат туралы ақпарат 21 ескертпеде ұсынылған.

##### **Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомалары**

**Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы.** Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық құрал бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы орын алды ма екендігін бағалаған кезде Холдингтік Компания артық шығынсыз немесе күш салусыз орынды және қолжетімді болып табылатын негізделген және расталған ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық та, сапалық та ақпаратты, сондай-ақ Холдингтік Компанияның тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапаның және болжамдық ақпараттың сараптамалық бағалауына негізделген талдауды қамтиды.

Холдингтік Компания кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын айқындау үшін үш критерийді пайдаланады:

- дефолттың басталу ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық критерий;
- сапалық белгілері; және
- 30 күндік мерзімін өткізудің «шектеушісі».

**Кредиттік тәуекелдің градация деңгейлері (рейтингтері).** Холдингтік Компания кредиттік тәуекелге ұшырағыш әрбір позицияға дефолт тәуекелін болжамдау үшін қолданылатын түрлі деректердің негізінде, сондай-ақ кредиттік сапасына қатысты сараптамалық пайымдауларды қолдану арқылы несиелік тәуекелдің тиісті рейтингісін береді. Несиелік тәуекелдің рейтингтері, дефолттың басталу тәуекелінің индикаторы қызметін атқаратын сандық және сапалық факторларды қолдана отырып айқындалады. Бұл факторлар несиелік тәуекелге ұшырағыш позицияның сипатына және қарыз алушының түріне байланысты ауысады.

Кредиттік тәуекелге ұшырағыш әрбір позиция, қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде бастапқы тану күніне кредиттік тәуекелдің белгілі рейтингісіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшырағыш позициялар тұрақты мониторингіленуге жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингісінен өзгеше рейтинг позициясының берілуіне алып келуі мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректердің талдануын қарастырады.

- Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректерінің, баспасөздегі жарияланымдардың, сыртқы несиелік рейтингтердің өзгерістер туралы ақпараты.
- Төлемдер туралы ақпарат, оған қоса мерзімі өткен берешектің мәртебесі туралы ақпарат.
- Сұранымдар және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарауға сұранымдарды қанағаттандыру.
- Қаржылық, экономикалық шарттардың және қызметті жүзеге асыру шарттарының ағымдағы және болжамдық өзгерістері.

## **5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы**

### **Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомалары, жалғасы**

**Дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру.** Кредиттік тәуекелдердің деңгейлері несиелік тәуекелге ұшырағыш позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақыттық құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Холдингтік Компания несиелік тәуекелге ұшырағыш, хұкіметке немесе өңірге, өнімнің және қарыз алушының тұрпатына байланысты, сондай-ақ несиелік тәуекелдің рейтингісіне байланысты талданатын позицияларға қатысты берешекке қызмет көрсету сапасы және дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды. Кейбір қоржындар үшін сонымен қатар сыртқы кредиттік рейтингтік агенттіктерден алынған ақпарат қолданылады.

Холдингтік Компания болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пікірді пайдаланады. Бұл бағалау сонымен қатар сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді. Холдингтік Компания дефолт ықтималдығын бағалауды түзету үшін осы болжамдарды пайдаланады.

**Кредиттік тәуекелдің елеулі артуы орын алды ма екендігін анықтау.** Әрбір есепті күнге Холдингтік Компания бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір артуы орын алғанын бағалайды. Кредиттік тәуекелді елеулі арттыру мәніне бағалау қаржы құралының сипаттамаларына байланысты. Кредиттік тәуекелдің елеулі артуын анықтау үшін критерийлер қоржынға байланысты әр түрлі болады және дефолт ықтималдығының көрсеткішінің мәндерінің сандық өзгерістерін де, сапалық факторларды да, оның ішінде мерзімін өткізу мерзімі бойынша «шектеуші» белгісін қамтитын болады.

Кредиттік сапаны сараптамалық бағалау негізінде және, мүмкін болған жағдайда, тиісті тарихи тәжірибе негізінде Холдингтік Компания, егер бұған кредиттік тәуекелді елеулі арттырудың индикаторы болып табылатын белгілі бір сапалық көрсеткіштер меңзесе, тиімділігі сандық талдау шеңберінде толық көлемде анықталуы мүмкін емес қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғаны туралы қорытынды жасай алады. Бастапқы тану сәтінен бастап қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын куәландыратын «шектеуші» белгісі ретінде Холдингтік Компания бұл актив бойынша 30 күннен артық мерзімнің асуы саналады. Мерзімі өткен берешектің күн саны, ең ерте күннен бастап, төлем толық сомасында алынбаған жағдай бойынша, күн санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезең ескерілмей айқындалады.

Егер бастапқы танудың сәтіне қатысты кредиттік тәуекелдің елеулі артуы жоқ екендігі туралы куәлік болса, онда тиісті құрал бойынша залалдарға арналған бағалау резерві 12 айлық ККЗ мөлшерінде қайта бағаланатын болады. Кредиттік келісімнің қайта қаралған шарттарын бұзу сияқты кредиттік тәуекелді арттырудың кейбір сапалық белгілері белгінің өзі бар болуын тоқтатқаннан кейін орын алуды жалғастыратын дефолт пайда болу тәуекелінің өсуі туралы куәландырады. Мұндай жағдайларда Холдингтік Компания осы актив бойынша кредиттік тәуекелдің жеткілікті дәрежеде төмендегенін дәлелдеу үшін қаржылық актив бойынша төлемдер мерзімінде және белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс "сынақ мерзімін" белгілейді. Шартта көзделген кредиттің талаптары өзгергенде, ККЗ тануға арналған критерийлер бүкіл мерзім ішінде одан әрі қанағаттандырылмайтындығының растамасы шарттың модификацияланған талаптарына сәйкес уақтылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Холдингтік Компания келесілерге көз жеткізу үшін критерийлерді, тұрақты негізде тексерістер жүргізу арқылы олардың кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау қабілетіне тексеруді жүзеге асырады

- кредиттік тәуекелге ұшырағыш позицияға қатысты дефолт оқиғасы басталғанға дейін критерийлер кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтауға мүмкіндік береді;
- өлшемдер актив бойынша берешек 30 күннен артық мерзімі өткен уақытқа сәйкес келмейді;
- кредиттік тәуекелдің едәуір артуын анықтау мен дефолт оқиғасының басталуы арасындағы орташа уақыт кезеңі ақылға қонымды болып табылады;
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тікелей портфель құрамынан аударылмайды, ол бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар сомасында (1-кезең) танылған кредиттік-құнсызданған активтер портфелінің құрамына (3-кезең) танылады; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларды бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар сомасында (1-кезең) танылатын портфель құрамынан ауыстыру кезінде бағалау резерві шамасының негізсіз құбылмалылығы жоқ, ол бойынша бағалау резерві барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасында (2-кезең) танылады.

## **5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы**

### **Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомалары, жалғасы**

**«Дефолт» түсінігін анықтау.** Қаржылық активті Холдингтік Компания келесі жағдайларда дефолт оқиғасы басталған қаржылық активтерге жатқызады:

- қарыз алушының Холдингтік Компания алдындағы кредиттік міндеттемелерін Холдингтік Компания кепілзаттық қамсыздандыруды (ол бар болса) іске асыру сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтейтіндігі екіталай;
- қарыз алушының Холдингтік Компания алдындағы елеулі кредиттік міндеттемелерінің кез келгені бойынша берешегінің мерзімі 90 күннен аса өткен; немесе
- кредит бойынша өз міндеттемелері бойынша төлеуге қабілетсіздігі себебінен қарыз алушының банкроттығы нәтижесінде активтің қайта құрылымдануы ықтималдығы пайда болады.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Холдингтік Компания сандық факторларды, мысалы, мерзімі өткен берешектің мәртебесін және сол бір эмитент Холдингтік Компания алдында басқа міндеттемелер бойынша төлемеу; сондай-ақ меншікті және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпаратты ескереді.

Қаржылық құрал бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалаған кездегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы, жағдайлардағы өзгерістерді көрсету үшін, уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін.

**Түрлендірілген қаржылық активтер.** Шартпен қарастырылған қаржылық құрал бойынша шарттар, нарықтық шарттардың өзгерісін және Контрагенттің кредит төлеуге қабілеттігінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауымен шартталмаған басқа факторларды қосқанда, бірқатар себептер бойынша түрлендіріле алады. Шарттары түрлендірілген қолданыстағы қаржылық активті есепте тану тоқтатылуы мүмкін және 3 (iii) ескертпеде сипатталған есептік саясатқа сәйкес әділ құны бойынша түрлендірілген шарттармен жаңа қаржылық активтің есебінде тану көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржылық активтің шарттары өзгертілсе және шарттардың түрлендірілуі қаржылық активті танудың тоқтатылуына алып келмесе, қаржылық актив бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір артуы орын алды ма екендігін анықтау келесілерді салыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- шарттың түрлендірілген талаптарының негізінде есептік күндегі жағдай бойынша бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және
- шарттың бастапқы талаптарының негізінде қаржылық активті бастапқы тану кезінде уақыттың осы сәтіне қатысты есептелген бүкіл мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолттың ықтималдығын.

Кредит шарттарын модификациялау оны тануды тоқтатуға әкеп соқтырса, жаңадан танылған кредит 1-сатыға жатады (ол тану күніне кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын жағдайда).

Жалпы жағдайда, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау, кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының сапалық индикаторы болып табылады және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау ниеті кредиттік тәуекелге ұшырағыш позиция кредиттік-құнсызданған болып табылатындығының куәсі болып табылады (3(iv) ескертпе/дефолт жағдайы орын алады). Кредиттік тәуекелге ұшырағыш позиция енді кредиттік-құнсызданған болып саналмағанша/дефолт оқиғасы басталғанша немесе дефолт ықтималдығының төмендеуі соншалықты, залалдарға бағалық резерві 12-айлық күтілетін несиелік залалдарға тең сомада қайтадан бағаланса, контрагентке белгілі уақыт кезеңі ішінде тұрақты негізде төлемдерді уақтылы жүзеге асыруы қажет болады.

**Болжамдық ақпаратты қосу.** Холдингтік Компания болжамдық ақпаратты қаржылық құралды бастап тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуына қатысты бағалауға да, күтілетін кредиттік залалдардың бағалауына да қосады. Холдингтік Компания болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пікірді пайдаланады. Бұл бағалау сонымен қатар сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді. Сыртқы ақпарат Холдингтік Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Статистика комитеті сияқты мемлекеттік органдары мен ақша-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтуы мүмкін.

Холдингтік Компания сондай-ақ репрезентативтік сценарийлердің деректерін анықтауға өз көзқарасын түзету үшін "шок" сценарийлерін стресс-тестілеуді кезең-кезеңімен өткізеді.

## 5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы

### Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомалары, жалғасы

#### Болжамдық ақпаратты қосу, жалғасы

Холдингтік Компания қаржы құралдарының әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындардың негізгі факторларын бөліп, құжатпен ресімдеді және тарихи деректерді талдауды пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалы, кредиттік тәуекел мен кредиттік залалдар арасындағы өзара байланысты бағалады. Негізгі фактор ретінде ЖІӨ болжамдары анықталды.

Негізгі көрсеткіштер мен дефолт оқиғалары мен қаржы активтерінің әртүрлі портфельдері бойынша залалдар деңгейлері арасындағы болжамды қатынастар сыртқы көздерден алынған деректер негізінде әзірленді.

**Күтілетін кредит залалдарын бағалау** . Күтілетін кредит залалдарын бағалау барысындағы бастапқы негізгі деректемелер келесі ауыспалылардың уақытша құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы («PD»);
- дефолт жағдайындағы залал көлемі («LGD»);
- дефолт жағдайындағы тәуекелде тұрған сома («EAD»).

1-сатыға жататын кредиттік тәуекелге ұшырайтын позициялар үшін ККЗ 12-айлық PD көрсеткішін LGD көрсеткіші мен EAD шамасына көбейту жолымен есептеледі. Барлық мерзім ішінде ККЗ барлық мерзім ішінде PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту жолымен есептеледі.

PD көрсеткіштерін бағалау әдістемесі жоғарыда «Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру» бөлімінде сипатталған.

Холдингтік Компания өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген контрагенттерге қатысты талап-арыздар бойынша ақша қаражатын қайтару коэффициенттері туралы ақпарат негізінде LGD көрсеткіштерін бағалайды. LGD көрсеткіші, егер контрагент қазақстандық банк болып табылса, 70%-ды құрайды.

Дефолт болған жағдайда тәуекелдегі сома дефолт басталған күні, кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманың есептік бағасы болып табылады. Бұл көрсеткішті Холдингтік Компания амортизацияның нәтижесінде, шарттың талаптарына сәйкес осы шамадағы күтілетін өзгерістер ескеріле отырып, есептік күндегі ағымдағы шамаға байланысты есептейді. Қаржылық актив үшін дефолт сәтіне жалпы теңгерімдік құн EAD шамасы болып табылады. Қарыз беру жөніндегі міндеттемелер үшін EAD шамасы, оларды бағалау тарихи байқаулар мен болжамдар негізінде жүргізілетін шарт бойынша талап етілуі мүмкін күтілетін сомалар болып табылады. Қаржылық кепілдік шарттары үшін EAD шамасы қаржылық кепілдікті орындау сәтінде төленуге жататын сома болып табылады.

Жоғарыда сипатталғандай, 1-сатыға жатқызылған қаржы активтері үшін PD ең жоғары 12 айлық көрсеткішін пайдалану шартымен Холдингтік Компания шарт бойынша ең жоғары кезең ішінде дефолт тәуекелін ескере отырып (мерзімін ұзартуға арналған кез келген опциондарды қоса алғанда) күтілетін кредиттік шығындарды, тіпті егер кредиттік тәуекелді басқару мақсаттары үшін Холдингтік Компания неғұрлым ұзақ мерзімді қарастырса да бағалайды. Шарт бойынша максималды кезең берілген қарызды өтеуге немесе қарыз беру бойынша міндеттемелердің, қаржы кепілдік шартының күшін жоюға құқылы болу күніне дейін жалғасады.

Холдингтік Компанияда жеткілікті көлемде өткен кезеңдердің ақпараты жоқ портфельдерге қатысты қосымша ретінде сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат пайдаланылады. Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бастапқы ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде берілген.

	2018 жылғы 31 желтоқсандағы кредиттік тәуекелге ұшырағыш позиция	Сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат	
		PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
(мың қазақстандық теңгемен)			Moody's өтеу статистикасы/Қазақстан ішіндегі позициялар үшін LGD өтеу статистикасы дефолттық қаржы институттарынан тарихи өтеулерге негізделеді.
Инвестициялық бағалы қағаздар	86,907,780	S&P дефолттар статистикасы	
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	488,312,399		

**5 Қаржылық тәуекелдерді талдау, жалғасы**

**Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомалары, жалғасы**

**Кредиттік сапаны талдау.** Келесі кестеде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің кредиттік сапасы туралы ақпарат ұсынылған. Егер басқасы көрсетілмесе, қаржылық активтер бойынша сомалар кестеде жалпы теңгерімдік құнның шамаларын көрсетеді. Қарыз беру жөніндегі міндеттемелер бойынша және соманың қаржылық кепілдік шарттары бойынша кестеде тиісінше қабылданған міндеттемелердің және берілген кепілдіктердің сомалары көрсетіледі.

	<b>31 желтоқсан 2018 жыл</b>			<b>Жиыны</b>
	<b>Саты 1 12-айлық күтілетін кредиттік залалдар</b>	<b>Саты 2 Кредиттік- құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар</b>	<b>Саты 3 Кредиттік- құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар</b>	
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары</b>				
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (берілген рейтингсіз)	1,675	-	-	1,675
BB кредиттік рейтингісімен	2,593,620	-	-	2,593,620
B кредиттік рейтингісімен	625	-	-	625
берілген кредиттік рейтингсіз	835	-	-	835
	<b>2,596,755</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2,596,755</b>
<b>Залалдарға бағалық резерв</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>2,596,755</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2,596,755</b>
<b>Еншілес кәсіпорынға берілген кредиттер</b>				
BBB- кредиттік рейтингісімен	209,262,518	37,502,471	-	246,764,989
BB+ кредиттік рейтингісімен	-	76,392,378	-	76,392,378
берілген кредиттік рейтингсіз	165,155,032	-	-	165,155,032
	<b>374,417,550</b>	<b>113,894,849</b>	<b>-</b>	<b>488,312,399</b>
<b>Залалдарға бағалық резерв</b>	<b>(883,176)</b>	<b>(4,710,731)</b>	<b>-</b>	<b>(5,593,907)</b>
<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>373,534,374</b>	<b>109,184,118</b>	<b>-</b>	<b>482,718,492</b>
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар</b>				
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноталары (берілген кредиттік рейтингсіз)	9,161,104	-	-	9,161,104
BBB- кредиттік рейтингісімен	77,746,676	-	-	77,746,676
	<b>86,907,780</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>86,907,780</b>
<b>Залалдарға бағалық резерв</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>-</b>
<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>86,907,780</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>86,907,780</b>
<b>Қаржылық кепілдік шарттары</b>				
BBB- кредиттік рейтингісімен	86,445,000	-	-	86,445,000
BB кредиттік рейтингісімен	56,567,500	-	-	56,567,500
	<b>143,012,500</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>143,012,500</b>
<b>Залалдарға бағалық резерв</b>	<b>392,750</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>392,750</b>
<b>Теңгерімдік құны</b>	<b>392,750</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>392,750</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2018 жылғы 31 желтоқсан**

**6 ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу**

**ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді сыныптау.** Келесі кестеде 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелері үшін ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы бағалық санаттар және ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа бағалық санаттар көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Ескертпе	ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы сыныптама	ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа сыныптама	ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес бастапқы теңгерімдік құн	Қайта сыныптау	Бағалау негізін өзгерту	ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа теңгерімдік құн
<b>Қаржылық активтер</b>							
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	7	Кредиттер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	225,777	-	-	225,777
Депозиттер		Кредиттер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	18,542,858	-	(380,739)	18,162,119
Инвестициялық бағалы қағаздар	8	Сату үшін қолда бар	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	31,226	(31,226)	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық <sup>(a)</sup>	8	Сату үшін қолда бар	Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша (міндетті тәртіппен)	-	31,226	-	31,226
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	9	Кредиттер және дебиторлық берешек	Амортизацияланған құны бойынша	399,200,826	-	(5,367,073)	393,833,753
<b>Қаржылық активтер жиыны</b>				<b>418,000,687</b>	<b>-</b>	<b>(5,747,812)</b>	<b>412,252,875</b>
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>							
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	11	Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	299,070,782	-	-	299,070,782
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздар	12	Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	93,730,536	-	-	93,730,536
Басқа қаржылық міндеттемелер		Амортизацияланған құны бойынша	Амортизацияланған құны бойынша	292,478	-	-	292,478
<b>Қаржылық міндеттемелер жиыны</b>				<b>393,093,796</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>393,093,796</b>

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржы құралдарын жіктеуге қатысты Холдингтік Компанияның есеп саясаты 3-ескертпеде баяндалған. Көрсетілген саясатты қолдануға негізделген қаржы құралдарын жіктеудегі өзгерістер жоғарыда кестеде берілген және бұдан әрі түсіндіріледі.

a. Холдингтік Компания ұстап қалатын кейбір инвестициялық бағалы қағаздар SPPI критерийіне сәйкес келмеу себебі бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша міндетті түрде бағаланатын ретінде жіктелген.

## 6 ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу, жалғасы

Келесі кестеде, салықтарды ескермегенде, бөлінбеген пайданың кіріс сальдосына ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу нәтижесінде көрсетілетін әсер туралы жалпы ақпарат ұсынылған. Меншікті капиталдың басқа компоненттеріне әсер жоқ.

	<b>ХҚЕС (IFRS) 9-ға ауысу нәтижесінен болатын әсер 2018 жылғы 1 қаңтар</b>
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	
<b>Бөлінбеген пайда</b>	
ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес кезең басындағы қалдық (2017 жылғы 31 желтоқсан)	53,310,922
ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес күтілетін кредиттік залалдарды тану (банктердегі және өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттерді және еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді қоса алғанда)	(5,747,812)
<b>ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес кезең басындағы қалдық (2018 жылғы 1 қаңтар)</b>	<b>47,563,110</b>

Келесі кестеде салыстыру нәтижелері ұсынылған:

- 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес қаржылық активтерді құнсыздануға резервтің және «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес қарыз беру жөніндегі міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарына қатысты резервтердің шығыс шамасын;
- 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес күтілетін кредиттік залалдарға резервтің кіріс шамасымен.

Қаржылық активтерге қатысты осы кестеде ХҚЕС (IAS) 39 және ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қаржылық активтердің тиісті бағалық санаттары бойынша ақпарат ұсынылған және бағалық санаттағы өзгерістердің ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолдану күніне залалдарға бағалық резервтің шамасына әсері жекелей көрсетілген, яғни 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша.

	<b>Құнсыздануға бағалық резерв (залалдар) және басқа резервтер</b>			
	<b>2017 жылғы 31 желтоқсан (ХҚЕС (IAS) 39/ ХҚЕС (IAS) 37)</b>	<b>Қайта сыныптау</b>	<b>Бағалау негізін өзгерту</b>	<b>2018 жылғы 1 қаңтар (ХҚЕС (IFRS) 9)</b>
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес кредиттер және дебиторлық берешек/ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (еншілес кәсіпорындарға берілген депозиттер мен кредиттерді қоса алғанда)	-	-	(5,747,812)	(5,747,812)
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар жиыны</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>(5,747,812)</b>	<b>(5,747,812)</b>

## 7 Ақша қаражаты және оның баламалары

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2018 жыл</b>	<b>31 желтоқсан 2017 жыл</b>
Ағымдағы шоттар	2,596,755	225,777
<b>Ақша қаражаты және олардың баламалары жиыны</b>	<b>2,596,755</b>	<b>225,777</b>

Төмендегі кестеде, ағымдағы шоттар бойынша «Standard and Poor's» рейтингі немесе «Moody's» немесе «Fitch» рейтинг агенттіктері негізінде кредиттік сапа бойынша ақша қаражаты мен оның баламаларының талдамасы берілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>31 желтоқсан 2018 жыл</b>	<b>31 желтоқсан 2017 жыл</b>
<i>Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған</i>		
- ҚРҰБ - рейтингі жоқ	1,675	2
- рейтингі ВВ- дан ВВ+ дейін	2,593,620	225,775
- рейтингі В- дан В+ дейін	625	-
- рейтингі жоқ	835	-
<b>Ақша қаражаты және олардың баламалары жиыны</b>	<b>2,596,755</b>	<b>225,777</b>

Ақша қаражаты мен оның баламаларының пайыздық мөлшерлемелеріне жүргізілген талдау 21-ескертпеде ұсынылған.

## 8 Инвестициялық бағалы қағаздар

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
<b>Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар</b>		
-Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноталары	9,161,104	-
-«ҚТҚЖБ» АҚ борыштық міндеттемелері	57,730,709	-
-«ҚИК» АҚ борыштық міндеттемелері	20,015,967	-
<b>Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар</b>		
-«DSFK» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС борыштық міндеттемелері	31,165	-
<b>Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар</b>		
- «DSFK» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС борыштық міндеттемелері	-	31,226
<b>Инвестициялық бағалы қағаздардың жиыны</b>	<b>86,938,945</b>	<b>31,226</b>

2018 жылғы желтоқсанда Холдингтік Компания ипотекалық кредиттеуді одан әрі кеңейту үшін қаржыландыру ұсыну мақсатында жылына 9.58% купондық мөлшерлемесімен және 2033 жылы өтеу мерзімімен тиісінше, номиналды құны 57,700,000 мың теңге және 20,000,000 мың теңге ҚТҚЖБ АҚ және ҚИК АҚ қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларды сатып алды.

Инвестициялық бағалы қағаздардың сыйақы мөлшерлемелерін талдау 21-ескертпеде берілген.

## 9 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	Атаулы құн		Төңгерімдік құн	
	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
- «ҚДБ» АҚ	521,498,987	473,961,805	213,828,911	177,910,759
- «БД» АҚ	347,344,047	277,195,125	165,155,032	117,987,779
- «Даму» ҚДҚ» АҚ	200,000,000	200,000,000	76,392,378	71,948,648
- «ҚИК» АҚ	132,470,920	134,092,292	26,753,934	25,596,002
- «ҚТҚЖБ» АҚ	22,000,000	22,000,000	6,182,144	5,757,638
<b>Құнсыздануға резервті шегергенге дейін еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер</b>	<b>1,223,313,954</b>	<b>1,107,249,222</b>	<b>488,312,399</b>	<b>399,200,826</b>
Минус: құнсыздануға резерв	-	-	(5,593,907)	-
<b>Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің жиыны</b>	<b>1,223,313,954</b>	<b>1,107,249,222</b>	<b>482,718,492</b>	<b>399,200,826</b>

2018 жылы Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға жалпы сомасы 117,686,104 мың теңгеге кредиттер берді (2017 жылы: 147,200,000 мың теңге). Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.08%-дан 0.20%-ға дейін құрайды; өтеу мерзімі – 2026-2038 жылдар (2017 жылы: кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0.08%-дан 0.20%-ға дейін құрайды; өтеу мерзімі – 2026-2037 жылдар).

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес, 2018 жылы берілген кредиттер мынадай шарттармен берілді:

- 10,000,000 мың теңге «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 9 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 9 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 10,600,000 мың теңге облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында, тұрғын үй салу және кейіннен оны сатып алу үшін жылына 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен және 8 жыл мерзімге «БД» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 13,000,000 мың теңге ауыл шаруашылығы техникасын жалдау үшін ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсыну мақсатында 15 жыл мерзіммен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен «ҚДБ-Лизинг» АҚ кейіннен кредиттеу үшін жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 15 жыл мерзіммен «ҚДБ» АҚ кредит беру үшін;

- 12,000,000 мың теңге Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру мақсатында «ҚДБ» АҚ жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімімен кредитті беру үшін;



## **9 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер, жалғасы**

- 15,004,300 мың теңге облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында, тұрғын үй салу және кейіннен оны сатып алу үшін жылына 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен және 8 жыл мерзімге «БД» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 12,537,182 мың теңге «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру мақсатында кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен кредиттеу үшін «ҚДБ» АҚ жылдық 0.08% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімімен кредитті беру үшін;

- 44,544,622 мың теңге облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында, тұрғын үй салу және кейіннен оны сатып алу үшін жылына 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен және 8 жыл мерзімге «БД» АҚ-ға кредит беру үшін.

Бекітілген үкіметтік бағдарламаларға сәйкес 2017 жылы берілген кредиттер мынадай шарттармен болды:

- 17,500,000 мың теңге «Бизнестің жол қартасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну мақсатында, кейіннен жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен, 10 жыл мерзімге «ҚДБ-Лизинг» АҚ несиелеу үшін, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 10 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 18,600,000 мың теңге «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру мақсатында кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ жылдық 0.10% сыйақы мөлшерлемесімен кредиттеу үшін «ҚДБ» АҚ жылдық 0.08% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімімен кредитті беру үшін;

- Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобаларын қаржыландыру мақсатында, жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 жыл мерзімге «ҚДБ» АҚ-ға несиелеу үшін 80,000,000 мың теңге;

- 21,100,000 мың теңге облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында, тұрғын үй салу және кейіннен оны сатып алу үшін жылына 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен және 8.4 жыл мерзімге «БД» АҚ-ға кредит беру үшін;

- 10,000,000 мың теңге отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кейіннен кредиттеу үшін екінші деңгейдегі банктерді және кейіннен, отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын қоспағанда, арнайы мақсаттағы автокөлік құралдарын лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді кейіннен кредиттеу үшін «ҚДБ-Лизинг» АҚ шартты қаржыландыру арқылы отандық автоөндірушілерді қаржыландыру үшін жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 20 мерзімімен «ҚДБ» АҚ кредит беру үшін.

Бастапқы тану кезінде кредиттер жылына 8.42%-дан бастап 9.14%-ға дейін өзгертін (2017 жылы; 8.78%-дан бастап 9.42%-ға дейін), болашақ ақша қаражатының ағындарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы мөлшерлемесі пайдаланыла отырып есептелген әділ құн бойынша танылған болатын. Холдингтік Компания нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде пайданың немесе залалдың құрамында, залал ретінде әділ құн мен номиналды құн арасындағы 56,738,188 мың теңге (2017 жылы: 86,953,329 мың теңге) сомасындағы айырмашылықты таныды. Аталған кредиттер облигацияларды шығару арқылы және жылына 0.05% және 0.15% сыйақы мөлшерлемелерімен (2017 жылы: 0.05% және 0.10%) және 2026-2038 жылдарда өтеу мерзімімен, республикалық бюджеттің теңгеге деноминацияланған қаражаты есебінен қаржыландырылды (11 және 12-ескертпе). Бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен тиісінше облигациялар мен Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздардың номиналды құны арасындағы 31,170,408 мың теңге (2017 жылы: 10,728,233 мың теңге) және 26,291,607 мың теңге (2017 жылы: 78,464,629 мың теңге) мөлшеріндегі айырмашылықтар Холдингтік Компания еншілес кәсіпорындарға берген кредиттерді бастапқы тану кезінде залалды таныған дәл сол жолда мемлекеттік субсидия ретінде пайданың немесе залалдың құрамында танылды (17-ескертпе).

2018 жылы "ҚИК" АҚ 1,621,372 мың теңге (2017 жылы: жоқ) мөлшерінде кредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырды, ал Холдингтік Компания өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарызды ішінара өтеді. Мерзімінен бұрын ішінара өтелгенге дейін еншілес кәсіпорынға берілген кредиттің бастапқы келтірілген таза құны мен мерзімінен бұрын ішінара өтелгеннен кейін келтірілген жаңа таза құн арасындағы 1,164,494 мың теңге (2017 жылы: жоқ) мөлшеріндегі айырмашылық еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді мерзімінен бұрын өтеуден түскен пайда ретінде пайда немесе залал құрамында танылды (17-ескертпе). Мерзімінен бұрын ішінара өтеуге дейін Үкіметтен алынған қарыздың бастапқы таза келтірілген құны мен мерзімінен бұрын ішінара өтелгеннен кейін келтірілген жаңа таза құн арасындағы айырмашылық 1,178,761 мың теңге (2017 жылы: жоқ) Үкіметтен алынған кредиттерді мерзімінен бұрын өтеуден болған залал ретінде пайда немесе залал құрамында танылды (17-ескертпе).

2018 және 2017 жылдар ішінде ККЗ сатылары бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резервтің өзгеруі былайша берілуі мүмкін:

**9 Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер, жалғасы**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2018 ж.		Жиыны	2017 ж.
	Саты 1 12-айлық ККЗ	Саты 2 Кредиттік құнсызданған болып табылмайтын бүкіл мерзім үшін ККЗ		
Кезең басындағы жағдай бойынша резерв шамасы	-	-	-	-
ХҚЕС (IFRS) 9 бастапқы қолданудың әсері (6-ескертпе)	667,383	4,699,690	5,367,073	-
Резервті есептеу (18-ескертпе)	215,794	11,040	226,834	-
<b>Кезең соңындағы жағдай бойынша резервтің шамасы</b>	<b>883,177</b>	<b>4,710,730</b>	<b>5,593,907</b>	<b>-</b>

**10 Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар**

Төмендегі кестеде 2018 жылдың ішінде Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындарға инвестицияларының теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	1 қаңтар 2018 ж.	Салым	Өткізу	31 желтоқсан 2018 ж.
Теңгерімдік құны:				
«ҚДБ» АҚ	378,515,793	10,000,000	-	388,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	-	-	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	-	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	-	-	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	-	-	47,732,078
«ҚИҚ» АҚ	34,339,971	10,000,000	-	44,339,971
«ҚИК» АҚ	43,682,233	-	-	43,682,233
«ҚЭГ» АҚ	40,918,407	-	-	40,918,407
«ТДҰА» АҚ*	25,533,132	-	(2,403,327)	23,129,805
«ТҚКҚ» АҚ	22,228,464	-	-	22,228,464
«КРРФ» ЖШС	2,150,000	-	-	2,150,000
<b>Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны</b>	<b>873,882,161</b>	<b>20,000,000</b>	<b>(2,403,327)</b>	<b>891,478,834</b>

\*2018 жылғы 26 желтоқсанда Холдингтік Компания бір акция үшін номиналды құны 1,000 теңге және бір жай акция үшін баланстық құны 832 теңге болатын "ТДҰА" АҚ 2,403,327 жай акциясын сатты. Сату бағасы акциялардың номиналдық құнынан төмен болғандықтан, Холдингтік Компания 403,327 мың теңге мөлшерінде "ТДҰА" АҚ акцияларын сатудан түскен залалды таныды.

Төмендегі кестеде 2017 жылдың ішінде Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындарға инвестицияларының теңгерімдік құнының өзгерістері ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	2017 жылғы 1 қаңтар	Салым	31 желтоқсан 2017 ж.
Теңгерімдік құны:			
«ҚДБ» АҚ	353,515,793	25,000,000	378,515,793
«ҚКМ» АҚ	104,696,686	-	104,696,686
«ҚТҚЖБ» АҚ	95,159,603	-	95,159,603
«Даму» ҚДҚ» АҚ	78,925,794	-	78,925,794
«БД» АҚ	47,732,078	-	47,732,078
«ҚИК» АҚ	38,482,233	5,200,000	43,682,233
«ҚЭГ» АҚ	27,018,407	13,900,000	40,918,407
«ҚИҚ» АҚ	34,339,971	-	34,339,971
«ТДҰА» АҚ	25,533,132	-	25,533,132
«ТҚКҚ» АҚ	12,228,464	10,000,000	22,228,464
«КРРФ» ЖШС	2,150,000	-	2,150,000
<b>Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар жиыны</b>	<b>819,782,161</b>	<b>54,100,000</b>	<b>873,882,161</b>

**11 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			<b>Номиналдық құны</b>		<b>Теңгерімдік құны</b>	
	<b>Орналас- тырылған күні</b>	<b>Өтелетін күні</b>	<b>31 желтоқсан 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
KZ2C0Y20F251	25.03.2016 13.03.2015,	25.03.2036	202,000,000	202,000,000	61,835,624	57,818,728
KZP01Y20E920	31.03.2015	13.03.2035	170,000,000	170,000,000	61,549,827	57,873,853
KZ2C0Y20E676	15.04.2014	15.04.2034	100,000,000	100,000,000	38,711,102	36,418,222
KZ2C0Y20E775	10.12.2014 21.01.2015,	10.12.2034	100,000,000	100,000,000	37,249,114	35,049,799
KZP01Y30E879 KZ2C0Y15G093 (листингке енгізілді)	16.02.2015 20.12.2018	21.01.2045 27.12.2033	92,500,000 77,700,000	92,500,000 -	17,513,584 77,782,017	16,478,351 -
KZ2C0Y20E742	30.10.2014	30.10.2034	50,000,000	50,000,000	18,382,517	17,275,725
KZPO4M87F618	28.12.2018	03.12.2026	44,544,622	-	25,246,220	-
KZP02Y20E738	26.03.2015	26.03.2035	38,095,125	38,095,125	31,292,745	29,579,933
KZP01Y20E730	15.07.2014	15.07.2034	23,000,000	23,000,000	21,806,475	20,710,437
KZP02Y30E877	29.01.2016	29.01.2046	22,500,000	22,500,000	4,367,947	4,122,938
KZP01Y09F615	19.10.2017	29.01.2026	21,100,000	21,100,000	11,469,544	10,552,209
KZPO3M89F616	10.16.2018	03.12.2026	15,004,300	-	8,117,696	-
KZP02Y20E928	29.09.2015	29.09.2035	15,000,000	15,000,000	5,178,889	4,866,191
KZ2C0Y20F236	03.02.2016	03.02.2036	15,000,000	15,000,000	4,958,080	4,653,295
KZP03Y20E736	09.03.2016	09.03.2036	15,000,000	15,000,000	3,959,413	3,671,101
KZPO2M92F612	07.12.2018	03.12.2026	10,600,000	-	6,002,970	-
			<b>1,012,044,047</b>	<b>864,195,125</b>	<b>435,423,764</b>	<b>299,070,782</b>

2018 жылғы желтоқсанда шығарылған борыштық бағалы қағаздар (KZ2C0Y15G093) "ҚҚБ" Қазақстандық қор биржасында листингке енгізілді. 2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингтік Компанияның қалған шығарылған борыштық бағалы қағаздарында листинг болған жоқ.

2018 жылы Холдингтік Компания жалпы сомасы 147,848,922 мың теңгеге облигациялар шығарды:

- жалпы номиналды құны 70,148,922 мың теңге қамсыздандырусыз, жылдық 0.15% купондық мөлшерлемесімен және 8 жылдан кейін өтеу мерзімімен шығарылған купондық облигациялар. Қаражат тұрғын үй салу және оны кейіннен сатып алу үшін облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады;
- жалпы номиналды құны 77,700,000 мың теңге қамсыздандырусыз, жылдық 9.50% купондық мөлшерлемесімен және 2033 жылы өтеу мерзімімен шығарылған купондық облигациялар. Қаражат "ҚТҚЖБ" АҚ және "ҚИК" АҚ шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алуды қаржыландыру үшін, "ҚТҚЖБ" АҚ-ның қолданыстағы және жаңа бағдарламаларын қаржыландыру және ипотекалық кредиттерді екінші деңгейдегі банктер арқылы беру үшін пайдаланылатын болады.

2017 жылы Холдингтік Компания жалпы сомасы 21,100,000 мың теңгеге облигациялар шығарды:

- номиналды құны 21,100,000 мың теңге қамсыздандырусыз, 2017 жылғы 19 қазанда шығарылған, жылдық 0.15% купондық мөлшерлемесі және 2026 жылғы наурызда өтеу мерзімі бар купондық облигациялар. Қаражат тұрғын үй салу және оны кейіннен сатып алу үшін облыстардың (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу мақсатында қаржыландыру үшін пайдаланылатын болады.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды (KZ2C0Y15G093) "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ, "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ және "Nomad Life" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ сатып алды. 2018 және 2017 жылдары шығарылған барлық басқа облигацияларды "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ сатып алды.

## 11 Шығарылған борыштық бағалы қағаздар, жалғасы

Мемлекеттік қолдау және даму бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі бағдарламалардың агенттері ретінде Холдингтік Компания, оның еншілес кәсіпорындары және коммерциялық банктер үшін, әрі қаражатты түпкілікті алушылар үшін сыйақы мөлшерлемелері, қаржыландыру мерзімдері және ілеспе талаптар түріндегі қаржыландыру шарттарын белгілейді. Сонымен қатар, Үкімет арнайы шарттар қабылдады, оларға сәйкес Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорындары коммерциялық банктер мен компанияларды одан әрі қаржыландыруды жүзеге асыруы мүмкін. Осы себеп бойынша ҚРҰБ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан 2018 жылы сатып алынған облигациялар орналастырылған күнгі әділ құны бойынша бағалаудағы айырманың сомасы мемлекеттік субсидия ретінде танылған болатын, себебі, ҚРҰБ Холдингтік Компанияның түпкілікті акционерінің мүддесінде емес, мемлекеттің агенті ретінде әрекет еткен, себебі, қарыздар бойынша барлық шарттар Үкімет деңгейінде көрсетілген бағдарламаларды қаржыландыру туралы қарарда келісілген болатын және Үкімет осы бағдарламалардан Холдингтік Компанияның акционері ретінде тікелей экономикалық пайданың түсуін күтпейді, өйткені, бағдарламаларда айқындалған субъектілер жеңілдіктерді түпкілікті алушылар болып табылады. Осылайша, 2018 жылдың ішінде Холдингтік Компания мемлекеттік субсидиялар ретінде 31,170,408 мың теңге (2017 жылы: 10,728,233 мың теңге) мөлшеріндегі кірісті көрсетті, ол пайда немесе залал туралы жеке есептегі өзге операциялық кірістерде және өзге жиынтық кірісте танылды (17-ескертпе). Холдингтік Компания бастапқы тану кезіндегі шығарылған облигациялардың әділ құнын айқындау кезінде жылдық 8.42%-дан 9.14%-ға дейін (2017 жылы: жылдық 9.01%) нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді пайдаланды.

2018 жылдың ішінде көтерген 20,547,293 мың теңге сомасындағы пайыздық шығыстар (2017 жылы: 18,163,655 мың теңге) шығарылған борыштық бағалы қағаздарға жатады (15-ескертпе).

## 12 Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар

	Номиналдық құны		Теңгерімдік құны	
	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>				
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	288,969,907	243,054,097	123,866,691	93,730,536
<b>Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар жиыны</b>	<b>288,969,907</b>	<b>243,054,097</b>	<b>123,866,691</b>	<b>93,730,536</b>

2018 жылы Холдингтік Компания Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінен жалпы сомасы 47,537,182 мың теңге (2017 жылы: 126,100,000 мың теңге) қарыз алды:

- жылдық 0.10% сыйақымен 10,000,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит, өтеу мерзімі – 9 жыл. Бұл қаражат «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасының аясында ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды беру үшін кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ кредиттеу үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ кредиттеу үшін арналған;
- 13,000,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% мөлшерлемесімен берілді, өтеу мерзімі – 15 жыл. Тартылған қаражат ауыл шаруашылығы техникасы лизингін ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсыну үшін кейіннен "ҚДБ-Лизинг" АҚ-ға жылдық 0.20% мөлшерлемесі бойынша, 15 жыл өтеу мерзімімен кредит беру үшін, Холдингтің еншілес кәсіпорны "ҚДБ" АҚ-ға жылдық 0.15% мөлшерлемесі бойынша, 15 жыл өтеу мерзімімен кредит беруге арналған;
- 12,000,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% мөлшерлемесімен берілді, өтеу мерзімі – 20 жыл. Тартылған қаражат Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін Холдингтің еншілес кәсіпорны "ҚДБ" АҚ-ға жылдық 0.15% мөлшерлемесі бойынша, 20 жыл өтеу мерзімімен кредит беруге арналған;
- 12,537,182 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.05% мөлшерлемесімен берілді, өтеу мерзімі – 20 жыл. Тартылған қаражат "Жолаушылар тасымалы" АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін кейіннен "ҚДБ-Лизинг" АҚ-ға жылдық 0.10% мөлшерлемесі бойынша, 20 жыл өтеу мерзімімен кредит беру үшін, Холдингтің еншілес кәсіпорны "ҚДБ" АҚ-ға жылдық 0.08% мөлшерлемесі бойынша, 20 жыл өтеу мерзімімен кредит беруге арналған.
- 2017 жылы мынадай қарыздар алынды:
- 17,500,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% мөлшерлемесімен берілді, өтеу мерзімі – 10 жыл. Бұл қаражат «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасының аясында ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды беру үшін кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ кредиттеу үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ кредиттеу үшін арналған.
- 18,600,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылына 0.05% мөлшерлемесімен берілді, өтеу мерзімі – 20 жыл. Барлық тартылған қаражат «Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушылар вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін кейіннен «ҚДБ-Лизинг» АҚ кредиттеу үшін Холдингтік Компанияның еншілес кәсіпорны «ҚДБ» АҚ кредиттеу үшін арналған;

## 12 Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар, жалғасы

- 80,000,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% мөлшерлемемен берілді, өтеу мерзімі – 20 жыл. Бұл қаражат Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясындағы инвестициялық жобалардың қаржыландырылуын қамтамасыз ету үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ кредиттеу үшін арналған. Түпкілікті қарыз алушыларға арналған сыйақы мөлшерлемесі жылдық 11%-бен шектеледі;
- 10,000,000 мың теңге мөлшеріндегі кредит жылдық 0.10% мөлшерлемемен берілген, өтеу мерзімі – 20 жыл. Барлық тартылған қаражат отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы – жеке тұлғаларды кредиттеу үшін екінші деңгейдегі банктерді және арнайы мақсаттағы автокөлік құралдарын лизингке сатып алатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қаржыландыру үшін «ҚДБ-Лизинг» АҚ шартты қаржыландыру арқылы отандық автоөндірушілерді қаржыландыру үшін Холдингтік Компанияның еншілес ұйымы «ҚДБ» АҚ кредиттеу үшін арналған.

2018 жылдың ішінде Холдингтік Компания мемлекеттік субсидиялар ретінде 26,291,607 мың теңге (2017 жылы: 78,464,629 мың теңге) мөлшеріндегі кірісті көрсетті, ол пайда немесе залал туралы жеке есептегі өзге операциялық кірістерде және өзге жиынтық кірісте танылды. Холдингтік Компания олардың болашақ келісімшарттық ақша ағындарын дисконттай отырып, бастапқы тану кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздардың әділ құнын айқындау кезінде жылына 8.48% – 8.76% (2017 жылы: жылдық 8.92% – 9.49%) мөлшеріндегі бағалау нарықтық пайыздық мөлшерлемелерін пайдаланды.

2018 жылдың ішінде көтерген 9,565,182 мың теңге сомасындағы пайыздық шығыстар (2017 жылы: 6,687,155 мың теңге) Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынатын қарызға жатады (15-ескертпе).

## 13 Акционерлік капитал

<i>(мың қазақстандық теңгемен, акция санын қоспағанда)</i>	<b>31 желтоқсан 2018 ж.</b>	<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>
Жарияланған жай акциялар	5,000,086,550	5,000,086,550
Тіркелген, бірақ орналастырылмаған жай акциялар	(4,153,867,838)	(4,153,867,838)
<b>Шығарылған және төленген акциялар жиыны</b>	<b>846,218,712</b>	<b>846,218,712</b>
Бір акция үшін атаулы құны, теңге	1,000	1,000
<b>Шығарылған және төленген акционерлік капитал</b>	<b>846,218,712</b>	<b>846,218,712</b>

Барлық қарапайым акциялар әрбір акция бойынша бір дауыс құқығын береді .

2017 жылы Холдингтік Компания ақшалай нысанда жалпы сомасы 43,900,000 мың теңге мөлшерінде акционерлік капиталына үш жарна алды.

## 14 Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістер

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	30,270,765	25,109,313
Депозиттер	1,192,578	2,015,011
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	917,808	-
<b>Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі пайдаланыла отырып есептелген пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>32,381,151</b>	<b>27,124,324</b>

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайыздық кірістер сомасына еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезінде пайда болған дисконт амортизациясының нәтижесінде алынған 28,583,024 мың теңге (2017 ж.: 23,559,030 мың теңге) сомасындағы кірістер қосылған (9-ескертпе).

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2018 жылғы 31 желтоқсан**

**15 Пайыздық шығыстар**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20,547,293	18,163,655
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	9,565,182	6,687,155
<b>Пайыздық шығыстар жиыны</b>	<b>30,112,475</b>	<b>24,850,810</b>

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың шығарылған борыштық бағалы қағаздары бойынша пайыздық шығыстарының сомасына шығарылған борыштық бағалы қағаздардың бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде туындаған 19,576,149 мың теңге (2017 ж.: 17,312,472 мың теңге) сомасындағы шығыстар қосылды (11-ескертпе).

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстарының сомасына Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде туындаған дисконтты амортизациялау нәтижесінде туындаған 9,321,324 мың теңге (2017 ж.: 6,501,255 мың теңге) сомасындағы шығыстар қосылды (12-ескертпе).

**16 Алынған дивидендтер**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
«ҚТҚЖБ» АҚ	7,675,971	6,778,929
«ҚДБ» АҚ	1,428,367	1,995,163
«Даму» ҚДҚ» АҚ	1,234,153	1,678,218
«ҚИК» АҚ	1,108,575	926,802
«БД» АҚ	1,014,182	3,059,355
«ҚКМ» АҚ	882,282	-
«ҚЭГ» АҚ	639,389	32,956
«КРРФ» ЖШС	7,140	-
«ҚИҚ» АҚ	-	215,335
«ТДҰА» АҚ	-	81,339
<b>Алынған дивидендтер жиыны</b>	<b>13,990,059</b>	<b>14,768,097</b>

**17 Өзге операциялық кірістер**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді бастапқы тану кезіндегі залал (9-ескертпе)	(56,738,188)	(86,953,329)
Мемлекеттік субсидия (11 және 12-ескертпелер)	57,462,015	89,192,862
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттерді мерзіміне бұрын өтеуден пайда (9-ескертпе)	1,164,494	-
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (9-ескертпе)	(1,178,761)	-
Басқасы	33,449	(78,994)
<b>Өзге операциялық кірістер жиыны</b>	<b>743,009</b>	<b>2,160,539</b>

**18 Қаржы активтері бойынша құнсыздануды қалпына келтіру, нетто**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Депозиттер бойынша құнсыздануды қалпына келтіру	380,738	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резерв (9-ескертпе)	(226,834)	-
<b>Қаржы активтері бойынша құнсыздануды қалпына келтіру жиыны, нетто</b>	<b>153,904</b>	<b>-</b>

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2018 жылғы 31 желтоқсан**

**19 Әкімшілік шығыстар**

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Қызметкерлерді ұстауға арналған шығыстар	1,905,342	1,654,039
Қайырымдылық және демеушілік көмек*	789,374	564,878
Консультациялық қызметтер	671,627	292,260
Директорлар кеңесінің әкімшілік шығыстары	337,756	317,696
Аутсорсинг бойынша шығыстар	293,145	249,747
Операциялық жалға алу бойынша шығыстар	257,682	285,709
Бағдарламалық қамтылым мен өзге де материалдық емес активтердің амортизациясы	130,229	134,455
Негізгі қаражатқа жататын өзге де шығындар	102,733	35,964
Қызметкерлерді оқыту, конференциялар	87,048	46,711
Иссапар шығыстары	78,198	85,686
Байланыс қызметтері	63,892	39,596
Жарнама және маркетинг қызметтер	45,812	62,273
Негізгі қаражаттың амортизациясы	41,494	63,199
Сақтандыру бойынша шығыстар	37,195	32,493
Кеңселік типографиялық өнім бойынша шығыстар, имидждік өнім	24,606	17,257
Басқалары	165,658	134,593
<b>Әкімшілік шығыстар жиыны</b>	<b>5,031,791</b>	<b>4,016,556</b>

\* 2018 жыл ішінде Холдингтік Компания балет академиясының оқытушылары үшін 20 пәтер сатып алу мақсатында "Балет өнерін дамытуды қолдау қорына" 559,900 мың теңге мөлшерінде демеушілік көмек берді, сондай-ақ "Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры" корпоративтік қорына Астана экономикалық форумы 2018 ұйымдастыру үшін 150,000 мың теңге (2017 жылы: 350,000 мың теңге) мөлшерінде демеушілік көмек берді.

**20 Табыс салығы**

Кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар мынадай компоненттерді қамтиды:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Уақыт айырмашылықтарының туындауы мен қалпына келтірілуі салдарынан кейінге қалдырылған салық міндеттемелері шамасының өзгеруі	22,177	(362,318)
<b>Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс) жиыны</b>	<b>22,177</b>	<b>(362,318)</b>

2018 жылы табыс салығының Холдингтік Компанияның пайдасына қолданылатын ағымдағы мөлшерлемесі 20%-ды (2017 ж.: 20%) құрайды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Холдингтік Компания банктердегі депозиттер бойынша пайыздық кіріске табыс көзінен ұсталатын салықпен бірге 207,893 мың теңге (2017 жылы: 291,899 мың теңге) сомасында табыс салығын есепке жазуды жүзеге асырды.

Төменде теориялық салық шығыстарының салық салу бойынша іс жүзіндегі шығыстармен салыстырып-тексеруі ұсынылған:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>%</b>	<b>2017 ж.</b>	<b>%</b>
<b>Салық салуға дейінгі пайда</b>	<b>10,722,664</b>	<b>100</b>	<b>15,185,594</b>	<b>100</b>
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	(2,144,533)	(20)	(3,037,119)	(20)
Алынған дивидендтер (табыс салығы салынбайтын)	2,798,012	26	2,953,619	19
Шегерілмейтін залалдар	(204,683)	(2)	-	-
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері	(329,504)	(3)	(168,070)	(1)
Шегерілмейтін шығыстар	(97,077)	(1)	(110,748)	-
<b>Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)</b>	<b>22,177</b>	<b>-</b>	<b>(362,318)</b>	<b>(2)</b>

ХҚЕС пен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар активтер мен міндеттемелердің жеке қаржылық есептілікті құрастыру мақсатындағы және пайда салығын есептеу мақсатындағы теңгерімдік құны арасындағы уақыт айырмашылықтарының туындауына алып келеді. Уақыт айырмашылықтарын пайдалану мерзімі қолданыстағы салық заңнамасында шектелмеген. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалын пайдалану мерзімі 2024-2028 жылдарда өтеді.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2018 жылғы 31 желтоқсан**

**20 Табыс салығы, жалғасы**

Төменде сол уақыт айырмашылықтары қозғалысының салықтық салдары ұсынылған, олар 20% (2017 жылы: 20%) мөлшерлемесі бойынша көрсетіледі.

	Пайда немесе залал		
	2018 жылғы 1 қаңтар	құрамында көрсетілген	2018 жылғы 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
<b>Салық салынатын базаны азайтатын/(ұлғайтатын) уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері</b>			
Негізгі қаражат	3,525	107,725	111,250
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	141,705,596	5,398,134	147,103,730
Инвестициялық бағалы қағаздар	35,083	(347)	34,736
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(142,951,848)	(5,476,772)	(148,428,620)
Өзге міндеттемелер	63,604	(6,563)	57,041
Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық залалдары	1,178,622	329,504	1,508,126
<b>Орын толтыру мүмкіндігін бағалауға дейін таза кейінге қалдырылған салық активі</b>	<b>34,582</b>	<b>351,681</b>	<b>386,263</b>
Танылған кейінге қалдырылған салық активі	141,807,808	5,498,949	147,306,757
Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(142,951,848)	(5,476,772)	(148,428,620)
<b>Кейінге қалдырылған табыс салық бойынша таза міндеттем</b>	<b>(1,144,040)</b>	<b>22,177</b>	<b>(1,121,863)</b>

	Пайда немесе залал		
	2017 жылғы 1 қаңтар	құрамында көрсетілген	2017 жылғы 31 желтоқсан
<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>			
<b>Салық салынатын базаны азайтатын/(ұлғайтатын) уақыт айырмашылықтарының салықтық әсері</b>			
Негізгі қаражат	(4,861)	8,386	3,525
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	129,026,736	12,678,860	141,705,596
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	-	35,083	35,083
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(129,876,373)	(13,075,475)	(142,951,848)
Өзге міндеттемелер	72,776	(9,172)	63,604
Болашақ кезеңдерге ауыстырылатын салық залалдары	1,010,552	168,070	1,178,622
<b>Орын толтыру мүмкіндігін бағалауға дейін таза кейінге қалдырылған салық активі</b>	<b>228,830</b>	<b>(194,248)</b>	<b>34,582</b>
Танылған кейінге қалдырылған салық активі	129,099,512	12,708,296	141,807,808
Танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	(129,881,234)	(13,070,614)	(142,951,848)
<b>Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттеме</b>	<b>(781,722)</b>	<b>(362,318)</b>	<b>(1,144,040)</b>

**21 Қаржылық тәуекелдерді басқару**

**Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару бойынша қағидалары мен рәсімдері.** Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Холдингтік Компания ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер мен тиісті бақылаудың лимиттерін белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты түрде бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың өзгерістерін, ұсынылып отырған банктік өнімдер мен қызметтерді және пайда болатын үздік практиканы көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың мақсаттары мыналар болып табылады:

- Холдингтік Компаниядағы басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесін және интеграцияланған процесін құру және тұрақты түрде тәуекелдерді басқарудың әдістері мен рәсімдеріне қатысты бірыңғай стандартталған көзқарас негізінде Холдингтік Компанияның қызметін жетілдіру;



## **21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы**

- Холдингтік Компанияның өз қызметінің ауқымына сәйкес келетін қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;
- ұстау қабілетін айқындау және қабылданған тәуекелдердің тиімді басқарылуын қамтамасыз ету;
- тәуекелдерді уақтылы анықтау;
- залалдарды барынша азайту және әлеуетті залалдарды жабуға арналған ағымдағы шығыстарды азайту.

**Тәуекелдерді басқару құрылымы.** Холдингтік Компанияның тәуекелдерін басқару құрылымы Холдингтік Компанияның мынадай органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің: Директорлар кеңесінің, Басқарманың, активтерді және пассивтерді басқару Комитетінің, тәуекелдерді басқару департаментінің, Ішкі аудит қызметінің, алқалы органдардың және басқа да құрылымдық бірліктердің қатысуымен тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқарумен ұсынылған.

**Директорлар кеңесі.** Тәуекелдерді басқарудың бірінші деңгейін Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесі ұсынады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің лайықты жұмыс істеуі үшін, негізгі тәуекелдерді басқару және тәуекелдерді корпоративтік басқару үшін толық жауапты болады. Директорлар кеңесі Холдингтік Компания қызметінің міндеттерін айқындайды және тәуекелдерді басқаруға жататын құжаттарды бекітеді.

**Басқарма.** Тәуекелдерді басқарудың екінші деңгейін Холдингтік Компанияның Басқармасы ұсынады. Холдингтік Компанияның Басқармасы корпоративтік саясаттың талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі мен тәуекелді бақылау құрылымын құру үшін жауапты болады. Басқарма «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін құру үшін жауапты болады, ол тәуекелдерді басқаруды және Холдингтік Компанияның тәуекелдерді басқару философиясын көрсетеді. Сондай-ақ Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізу үшін жауапты болады, онда барлық жұмыскерлердің тәуекелдерді басқару үшін нақты айқындалған жауаптылығы болады және олар өз міндеттерін лайықты орындау үшін жауапты болады. Басқармаға тәуекелдерді басқару саласындағы өз функцияларының бір бөлігін тиісті комитеттерді құру арқылы жүзеге асыруға уәкілеттік берілген.

**Директорлар кеңесі жанындағы Аудит бойынша комитет.** Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады және Директорлар кеңесіне Холдингтік Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде жеке қаржылық есептіліктің толықтығы мен анықтығына) тиімді бақылау жүйесін орнату жөнінде, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау жөнінде, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау жөнінде ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылады.

**Тәуекелдерді басқару департаменті.** Тәуекелдерді басқарудың үшінші деңгейін тәуекелдерді басқару департаменті ұсынады. Тәуекелдерді басқару департаментінің мақсаттары тәуекелдерді жалпы басқаруды және қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкестігіне бақылауды, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерді анықтаудың, бағалаудың, басқару мен олар бойынша есептілікті ұсынудың жалпы қағидалары мен әдістерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруды қамтиды.

**Ішкі аудит қызметі.** Холдингтік Компанияның Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару барысында тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тәуекелдерді бағалау әдістерінің аудитін жүргізеді және тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлейді. Ішкі аудит қызметі Холдингтік Компанияның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша есептер ұсынады және бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

**Құрылымдық бірліктер.** Тәуекелдерді басқару құрылымындағы маңызды элементтердің бірі Холдингтік Компанияның әр жұмыскер ұсынатын құрылымдық бірліктері болып табылады. Құрылымдық бірліктер (тәуекелдерді иеленушілер) тәуекелдерді басқару процесінде негізгі рөл атқарады. Холдингтік Компанияның жұмыскерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, тәуекелдерді басқарады және өздерінің қызметінің саласына тәуекелдердің әлеуетті әсерін бақылайды. Құрылымдық бірліктер тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-қимылдар жоспарын іске асыру, өздерінің қызметі саласындағы ірі тәуекелдерді уақтылы анықтау және олар туралы хабарлау және жұмыс жоспарына енгізуге тиіс, тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жауапты болады.

**Кредиттік тәуекел.** Холдингтік Компания кредиттік тәуекелге ұшырайды, ол қаржы құралымен операция тараптары бірінің шарт бойынша міндеттемелерін орындамау салдарынан екінші тарапқа қаржы залалдарын тану себебі болып қызмет ету тәуекелі болып табылады. Кредиттік тәуекел Холдингтік Компанияның және еншілес кәсіпорындардың контрагенттермен соның салдарынан қаржы активтері пайда болатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды.

Холдингтік Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғарғы деңгейі қаржылық жағдай туралы жеке есепте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Кредит беру бойынша кепілдіктер мен міндеттемелер үшін кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі міндеттемелердің сомасына тең болады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы, сондай-ақ 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің кепілзаттық қамтамасыз етілуі мен сапасын жақсартудың басқа да шаралары жоқ.

## 21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

### Кредиттік тәуекел, жалғасы

«Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» акционерлік қоғамының қаржы активтері мен міндеттемелерін басқару регламентіне» сүйене отырып, бір контрагентке немесе байланысты контрагенттер тобына лимитті қоса алғанда, Холдингілік Компания кредиттік тәуекелді контрагенттермен жүзеге асырылған операцияларға лимиттер белгілей отырып бақылайды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің бірде-бір бабының мерзімі өткен болып табылмайды.

**Кредиттік тәуекелдің шоғырлануы.** Холдингілік Компанияның ақша қаражаты мен депозиттері 2018 жылғы 31 желтоқсанда үш банкте (2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: сегіз банкте) орналастырылған, бұл Холдингілік Компанияны кредиттік шоғырланудың айтарлықтай тәуекеліне ұшыратпайды.

Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің шоғырлануы 9-ескертпеде ашып көрсетілген.

**Валюталық тәуекел.** 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдингілік Компания айтарлықтай валюталық тәуекелге ұшыраған жоқ.

**Нарықтық тәуекел** – бұл, шетелдік валюталардың айырбас бағамдары мен пайыздық мөлшерлемелердің бағамдарын қоса алғанда, нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан Холдингілік Компания кірісінің немесе оның қоржынының өзгеру тәуекелі. Холдингілік Компания үшін тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және өзіндік ерекше өзгерістер мен нарықтық бағалардың құбылмалылығы деңгейінің әсеріне ұшырайтын пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқару міндеті, бұл ретте қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, нарықтық тәуекелге ұшыраудың қолайлы өлшемдер шеңберінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

Нарықтық тәуекелді басқару үшін жалпы жауаптылық Басқарма Төрағасы басқаратын Басқармаға жүктелген. Басқарма тәуекелдерді басқару департаментінің ұсынымдарына негізделі отырып, нарықтық тәуекелдің лимиттерін бекітеді.

Холдингілік Компания нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін жекелеген қаржы құралдары бойынша қоржынның шамасына, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру мерзімдеріне, валюталық позицияға, шығындар лимиттеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді белгілейді, және олардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізу арқылы нарықтық тәуекелді басқарады.

**Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі** – бұл пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан Холдингілік Компания кірісінің немесе оның қаржы құралдарының қоржындары құнының өзгеру тәуекелі.

Холдингілік Компания нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларының жеке қаржылық жағдай мен ақша қаражаты ағындарына тигізетін әсеріне байланысты тәуекелі өзіне қабылдайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайтуы мүмкін, алайда, оны төмендете де алады, не пайыздық мөлшерлемелер кенет өзгерген жағдайда, залалдардың туындауына алып келуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі өтеу мерзімі айқындалған қолда бар немесе болжанатын активтер көлемі бойынша өтеу мерзімі соған ұқсас қолда бар немесе болжанатын міндеттемелерден артық немесе кем болған жағдайларда туындайды. Пайыздық тәуекелді басқару шығындарды толық жабу қағидаларына негізделеді, алынған пайыздық кіріс қаражатты тарту және орналастыру бойынша шығыстарды жабуға және таза кіріс пен бәсекеге қабілеттілікті алуды қамтамасыз етуге тиіс.

Төмендегі кестеде Холдингілік Компанияның 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша пайыздық тәуекеліне жүргізілген жалпы талдау келтірілген. Сондай-ақ онда шарттарға немесе өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөліне отырып, көрсетілген күндердің қайсысы әлдеқайда ерте болып табылатынына қарай, Холдингілік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары теңгерімдік құны бойынша көрсетілген.

(мың қазақстандық теңгемен)	Талап еткенге				Пайызсыз	Жиыны
	дейін және 1 айдан кем	1 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан астам		
<b>2018 жылғы 31 желтоқсан</b>						
Қаржы активтері жиыны	2,687,822	3,893,449	5,737,224	565,526,469	3,135	577,848,099
Қаржы міндеттемелері жиыны	(57,756)	(267,378)	(12,451)	(558,952,870)	(286,930)	(559,577,385)
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер бойынша таза алшақтық</b>	<b>2,630,066</b>	<b>3,626,071</b>	<b>5,724,773</b>	<b>6,573,599</b>	<b>(283,795)</b>	<b>18,270,714</b>

## 21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы

### Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі, жалғасы

Төмендегі кестеде Холдингтік Компанияның 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша пайыздық тәуекеліне жүргізілген жалпы талдау келтірілген. Сондай-ақ онда шарттарға немесе өтеу мерзімдеріне сәйкес пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау күндері бойынша бөліне отырып, көрсетілген күндердің қайсысы әлдеқайда ерте болып табылатынына қарай, Холдингтік Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелерінің жалпы сомалары теңгерімдік құны бойынша көрсетілген.

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Талап еткенге дейін және 1 айдан кем</b>	<b>1 айдан 6 айға дейін</b>	<b>6 айдан 12 айға дейін</b>	<b>1 жылдан астам</b>	<b>Пайызсыз</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2017 жылғы</b>						
<b>31 желтоқсан</b>						
Қаржы активтері жиыны	1,995,219	3,884,912	13,368,380	398,752,469	2	418,000,982
Қаржы міндеттемелері жиыны	(50,292)	(249,394)	(11,649)	(392,489,983)	(292,478)	(393,093,796)
<b>2017 жылғы</b>						
<b>31 желтоқсанда</b>						
<b>пайыздық</b>						
<b>мөлшерлемелер</b>						
<b>бойынша таза</b>						
<b>алшақтық</b>						
	<b>1,944,927</b>	<b>3,635,518</b>	<b>13,356,731</b>	<b>6,262,486</b>	<b>(292,476)</b>	<b>24,907,186</b>

2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді және қайта қаралған позицияларды ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 базистік тармаққа табыстылық қисығының параллельді жылжуының оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған пайданың немесе залалдың (салықтарды шегергенде) пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығын талдау (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қосарлас жылжу	52,161	62,226
Мөлшерлемелердің азаюына қарай 100 базистік тармаққа қосарлас жылжу	(52,161)	(62,226)

Холдингтік Компания қаржы құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің бақылауын жүзеге асырады. Төмендегі кестеде есептердің негізінде тиісті есепті күнгі пайыздық мөлшерлемелер ұсынылған.

<i>Орташа өлшемді % жылына</i>	<b>31 желтоқсан 2018 жыл</b>	<b>31 желтоқсан 2017 жыл</b>
<b>Активтер</b>		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	6.18%	7.30%
Депозиттер	-	9.37%
Инвестициялық бағалы қағаздар	9.58%	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	7.50%	7.32%
<b>Міндеттемелер</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	6.83%	6.72%
Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздар	9.29%	9.42%

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің **өтімділігі** жоғарыдағы кестеде ұсынылған. Қаржы міндеттемелері бойынша келісімшарттық төлемдер олардың теңгерімдік құнынан амортизацияланбаған дисконт пен болашақ пайыздық шығыстар сомасының мөлшерінде асып түседі. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша келісімшарттық төлемдер, тиісінше 1,012,044,047 мың теңге және 288,969,907 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 864,195,125 мың теңге және номиналдық құны 243,054,097 мың теңге) болатын номиналды құнын және жыл сайын төленетін 125,543,041 мың теңге және 2,928,172 мың теңге (2017 жылғы 31 желтоқсан: 15,456,448 мың теңге және 2,686,128 мың теңге) болатын болашақ пайыздарды қоса алғанда, 1,137,587,088 мың теңгені және 291,898,079 мың теңгені құрайды (2017 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 879,651,573 мың теңге және 245,740,225 мың теңге).

## **21 Қаржылық тәуекелдерді басқару, жалғасы**

**Капиталды басқару.** Холдингтік Компания капиталды Холдингтік Компанияның иеленушілеріне тиесілі таза активтер ретінде ескереді. Холдингтік Компанияның капиталға қатысты сыртқы реттеушілік талаптар объектісі болып табылмайды.

**Құқықтық тәуекелдер** – Холдингтік Компания заңнаманың қолайсыз өзгеруінің туындау ықтималдығын, заңнаманы дұрыс қолданбауды, шешімдер қабылдау кезінде ішкі құжаттардың талаптарын сақтамауды, мемлекеттік уәкілетті органдарды уақтылы хабардар етпеуді (әртүрлі жағдайларда: құжаттарды дайындау кезінде, заңдық маңызы бар әрекеттер жасау кезінде және т.б.) білдіретін құқықтық тәуекелге ұшырайды.

Холдингтік Компания заңнаманың өзгеруін жете бақылау, тапсырмалардың орындалуын бақылау, заң қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, кеңес берушілерді тарту арқылы құқықтық тәуекелді басқарады.

## **22 Шартты міндеттемелер**

**Сот талқылаулары.** Ағымдағы қызмет барысында оқтын-оқтын сот органдарына Холдингтік Компанияға және оның еншілес кәсіпорындарына қатысты талап қоюлар келіп түсуі мүмкін. Жеке бағалауға, сондай-ақ ішкі кәсіби кеңес берушілердің ұсынымдарына сүйене отырып, Холдингтік Компанияның басшылығы олар бойынша талқылаулар Холдингтік Компания үшін елеулі залалдарға алып келмейді деп есептейді және тиісінше, Холдингтік Компания жеке қаржылық есептілікте аталған талқылаулар бойынша залалдарды жабуға арналған резервті қалыптастырмады.

**Шартты салық міндеттемелері.** Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола тұра, көбінесе, нақты жазылмаған және қарама-қайшы заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірулер мен сот шешімдерінің жиі өзгеруімен сипатталады, бұл әртүрлі салық органдарының әртүрлі түсіндіруіне жол береді, оның ішінде ХҚЕС талаптарына сәйкес жеке қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және өзге баптарды есепке алуға қатысты қорытындыларды. Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулермен және тергеп-тексерулермен ірі айыппұлдар салу және пайыздарды өндіріп алу құқығы бар әртүрлі деңгейдегі реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығын кейінгі күнтізбелік бес күн ішінде тексеруге болады, алайда, белгілі бір мән-жайлар кезінде бұл мерзім ұлғайтылуы мүмкін.

Аталған мән-жайлар Қазақстандағы салық тәуекелдері басқа елдерге қарағанда жоғары болуына алып келуі мүмкін. Холдингтік Компанияның басшылығы қолданылатын салық заңнамасына, нормативтік талаптар мен сот шешімдеріне қатысты өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдардың осы ережелерді түсіндіруі, егер олар өз ұстанымының құқыққа сыйымдылығын дәлелдей алған жағдайда, өзгеше болуы мүмкін, және бұл осы жеке қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

**Операциялық жалға алу жөніндегі міндеттемелер.** Холдингтік Компания операциялық жалдау шарттары бойынша бірқатар ғимараттар мен автокөліктерді жалға алады. Өрбір жалдау шартының талаптары көрсетілген кезең өткеннен кейін жалдауды ұзарту мүмкіндігімен 1 жылға жалдаудың бастапқы кезеңін көздейді. Жалдау төлемдері әдетте нарықтық жалдау мөлшерлемелеріне сәйкес жыл сайын ұлғаяды. Шартты жалдау ақысы қарастырылмаған.

**Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер.** 2017 жылғы желтоқсанда «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС компаниясының инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін кредит желісін ашу жөніндегі бір жағынан «ҚДБ» АҚ мен Sumitomo Mitsui Banking Corporation Europe Limited», «Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ Ltd.», «Deutsche Bank AG», «Credit Agricole Corporate and Investment Bank», екінші жағынан, кредит келісімі жасалды. Холдингтік Компания 225,000 мың АҚШ долларынан (86,445,000 мың теңгеге баламалы) аспайтын сомаға "ҚДБ" АҚ кредиттік желі шарты бойынша қамсыздандыру ретінде қаржылық кепілдік шартын жасады. 2018 жыл ішінде "ҚДБ" АҚ кредиттік желі шарты бойынша жылдық 4.67% және жылдық 4.94% мөлшерлемелер бойынша жалпы сомасы 225,000 мың АҚШ долларына қарыз алды, оларды өтеу мерзімі 2030 жылы басталады. Есепті күнгі жағдай бойынша Холдингтік Компанияның басшылығы мынадай жорамалдарды қолдана отырып, 157,330 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарды есептеді: кепілдік айырбастау коэффициенті 1.0 құрайды, контрагенттің кредиттік рейтингі "BBB -"-ке тең және тиісті көрсеткіштер тең болып қабылданды: PD (0.26%) және LGD (70%).

2018 жылдың желтоқсанында "АстанаГаз ҚМГ" ЖШС 2033 жылы өтеу мерзімімен және 10% купон мөлшерлемесімен жалпы сомасы 85,000,000 мың теңге Сарыарқа газ құбырын салуды қаржыландыру үшін облигациялар шығарды. Холдингтік Компания купондық төлемдердің негізгі сомасы бойынша 42,500,000 мың теңгеден және жалпы сомасы бойынша 14,067,500 мың теңгеден аспайтын сомаға "АстанаГаз ҚМГ" ЖШС міндеттемелерінің 50%-ы бойынша қамсыздандыру болып табылатын қаржылық кепілдігі шартын жасасты. Есепті күнгі жағдай бойынша Холдингтік Компанияның басшылығы мынадай жорамалдарды қолдана отырып, 235,420 мың теңге сомасында күтілетін кредиттік залалдарды есептеді: кепілдік айырбастау коэффициенті 1.0 құрайды, контрагенттің кредиттік рейтингі "BB-" тең және тиісті көрсеткіштер тең деп қабылданды: PD (0.75%) және LGD (55.49%).

### 23 Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар

Егер екі тарап ортақ бақылауда болса немесе олардың бірінің екіншісін бақылау мүмкіндігі болса немесе ол екінші тарап қаржылық және операциялық шешімдер қабылдаған кезде айтарлықтай ықпал ете алса, тараптар байланысты болып есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма деген мәселені шешкен кезде тараптардың заңгерлік нысаны ғана емес, сонымен қатар олардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны назарға алынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Холдингтік Компанияға бақылауы бар, себебі, ол түпкілікті бақылаушы тарап болып табылады. Холдингтік Компания мемлекеттік кәсіпорындармен есеп айырысулар бойынша жеке болмашы операциялар мен қалдықтар туралы ақпаратты ашып көрсетуден босатуды қолдану туралы шешім қабылдады.

Төменде байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша 2018 жылғы 31 желтоқсанға қалдықтар көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары	-	1,675
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	891,478,834	-
Инвестициялық бағалы қағаздар	77,746,676	9,161,104
Құнсыздануға резервті шегергенге дейін, еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	488,312,399	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резерв	(5,593,907)	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	1,682,421
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(435,423,764)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	-	(123,866,691)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(1,121,863)
Шығарылған қаржылық кепілдіктер*	(157,330)	(235,420)
Өзге де міндеттемелер	(64,493)	(82,468)

\* 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Холдингтік Компания 2 байланысты тараптың атынан қаржылық кепілдіктер берді – ҚДБ АҚ және "АстанаГаз ҚМГ" АҚ, кепілдік сомасы тиісінше 56,567,500 мың теңге және 225,000 мың АҚШ долларын құрады. Міндеттеме дефолт басталған сәттен бастап туындайды, ол ҚДБ АҚ және "АстанаГаз ҚМГ" АҚ өтеу кестесіне сәйкес негізгі соманы және сыйақыны/купонды төлеу бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамаған жағдайда орын алады. Кепілдіктерді өтеу мерзімі 2030-2033 жылдар кезеңінде басталады. Барлық кепілдіктер пайызсыз болып табылады және кепілмен қамтамасыз етілмеген. 2018 жылы Холдингтік Компания өзге операциялық кірістің бір бөлігі ретінде танылған 32,702 мың теңге мөлшерінде кепілдіктер бойынша комиссиялық кіріс алды.

Төменде 2018 жылдағы байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

<i>(Мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	30,317,461	871,133
Пайыздық шығыстар	-	(30,112,475)
Алынған дивидендтер	13,990,059	-
Өзге операциялық (шығыстар)/кірістер	(55,573,694)	56,283,254
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттердің құнсыздануына резерв	(226,834)	-
Қаржылық кепілдіктер бойынша құнсызданудан залалдар	(157,330)	(235,420)
Еншілес кәсіпорынға инвестициялардағы үлестерді сатудан залал	(403,327)	-
Әкімшілік шығыстар	(182,714)	(583,992)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	22,177

### 23 Байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар, жалғасы

Төменде байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша 2017 жылғы 31 желтоқсанға қалдықтар көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары	-	2
Еншілес кәсіпорындарға инвестициялар	873,882,161	-
Еншілес кәсіпорындарға берілген кредиттер	399,200,826	-
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	1,226,993
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	(299,070,782)
Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар	-	(93,730,536)
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	-	(1,144,040)
Өзге де міндеттемелер	-	(159,772)

Төменде 2017 жылдағы байланысты тараптармен жүргізілетін операциялар бойынша кірістер мен шығыстар баптары көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>Еншілес кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар</b>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық тәсіл	25,109,313	-
Пайыздық шығыстар	-	(24,850,810)
Алынған дивидендтер	14,768,097	-
Өзге операциялық (шығыстар)/кірістер	(86,953,329)	89,192,862
Әкімшілік шығыстар	-	(757,807)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	(362,318)

Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың жалпы мөлшері төменде көрсетілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2018 ж.</b>	<b>2017 ж.</b>
Директорлар кеңесінің мүшелері	289,412	210,381
Басқарманың мүшелері	251,148	219,972
<b>Жиыны</b>	<b>540,560</b>	<b>430,353</b>

Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1266 қаулысына сәйкес белгіленген лимиттерден аспайтын сыйақыларды алады.

### 24 Әділ құн

**Әділ құнды айқындау.** Холдингтік Компанияның есептік саясатының белгілі бір ережелері және бірқатар ашылулар қаржылық, әрі қаржылық емес активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалауды талап етеді. Әділ құн төменде көрсетілген әдістерді пайдалана отырып, ақпаратты бағалау және ашып көрсету мақсаттары үшін айқындалды. Қолдануға болатын жерде, активтің немесе міндеттеменің әділ құнын айқындау процесінде жасалған долбарлар туралы қосымша ақпарат осы активке немесе міндеттемеге қатысты ескертпелерде ашып көрсетіледі.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Холдингтік Компания, мүмкін болғанша, бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. Әділ құнды бағалаулар тиісті бағалау әдістері шеңберінде пайдаланылатын бастапқы деректерге қарай, әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатады:

1-деңгей: белсенді нарықтардағы бірдей активтер мен міндеттемелердің белгіленетін (түзетілмеген) бағалары.

2 деңгейі: тиісті актив немесе міндеттеме бойынша немесе тікелей (яғни тікелей баға), немесе жанама (яғни бағаға негізделген деректер) бақыланатын болып табылатын 1-деңгейді бағалау үшін қолданылатын баға белгіленген бағадан басқа бастапқы деректер.

3-деңгей: бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген, активтер мен міндеттемелер үшін бастапқы деректер (бақыланбайтын бастапқы деректер).

Егер активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылатын бастапқы деректердің әділ құн иерархиясының әртүрлі деңгейлеріне жатқызылуы мүмкін болса, онда әділ құнды бағалау, тұтастай алғанда, бүкіл бағалау үшін елеулі болып табылатын, анағұрлым төмен деңгейдің бастапқы деректері сәйкес келетін иерархияның деңгейіне жатады.

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы**  
**Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер – 2018 жылғы 31 желтоқсан**

Холдингтік Компания өзгерістер жүзеге асырылған есепті кезеңнің аяғына әділ құнды бағалаудың иерархиясындағы деңгейлердің арасындағы аударымдарды таниды.

**24 Әділ құн, жалғасы**

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2 деңгей</b>	<b>Әділ құнның жиыны</b>	<b>Теңгерімдік құнның барлығы</b>
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	2,596,755	2,596,755	2,596,755
Инвестициялық бағалы қағаздар	86,880,111	86,880,111	86,907,780
Еншілес ұйымдарға берілген кредиттер	444,193,543	444,193,543	482,718,492
<b>Міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	382,869,575	382,869,575	435,423,764
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	133,617,190	133,617,190	123,866,691

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құнның иерархия деңгейінің қимасында, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарының талдауы келтірілген:

<i>(мың қазақстандық теңгемен)</i>	<b>2 деңгей</b>	<b>Әділ құнның жиыны</b>	<b>Теңгерімдік құнның барлығы</b>
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	225,777	225,777	225,777
Депозиттер	18,542,858	18,542,858	18,542,858
Еншілес ұйымдарға берілген кредиттер	319,176,924	319,176,924	399,200,826
<b>Міндеттемелер</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	219,524,526	219,524,526	299,070,782
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	94,468,401	94,468,401	93,730,536

**25 Есепті күннен кейінгі оқиға**

2019 жылдың қаңтар айында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес отырысының 2017 жылғы 7 тамыздағы №17-01-9.4 хаттамасына сәйкес, Холдингтік Компания тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жылдық 0.15% сыйақы мөлшерлемесімен және 2026 жылы өтеу мерзімімен 5,751,078 мың теңге сомасына купондық облигациялар шығарды. Қаражат Холдингтің Компанияның еншілес кәсіпорны – «БД» АҚ-ға 85 ай мерзімге, жылдық 0.20% сыйақы мөлшерлемесімен аударылды.

2019 жылғы наурызда "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы Заңына сәйкес қазақстандық шикізаттық емес тауарлар өндірушілерді және сыртқы нарықтарда қызмет жеткізушілерді қолдау және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту үшін, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, Холдингтік Компанияның жарғылық капиталын 34,000,000 мың теңгеге ұлғайту жүргізілді.